



ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАПОНИЯҒА САПАРЫ

Көпқырлы диалогтың
стратегиялық мәні

2

Almaty AQSHAMY



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №112 (6674) 19 желтоқсан, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

БРИФИНГ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

Алматының басты басымдығы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Сүбелі жетістіктерге толы 2025 жылды да түйіндейтін уақыт жақындап қалды. Алып шаһар – Алматыда бір жыл ішінде не тындырылды, әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші, инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылу барысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім, денсаулық сақтау және қоғамдық қауіпсіздік салаларындағы негізгі нәтижелер қандай, сондай-ақ нендей өзекті мәселелер шешілді?

ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды БАҚ өкілдеріне осы жөнінде кеңінен түсіндірді. Сонымен қатар, алдағы кезеңге арналған басым бағыттар мен жоспарларды таныстырып, журналистердің сауалдарына жауап берді.

4-5

ҚАЛА КЕЛБЕТІ

ШАҒАРДА ШЫРША ШАМЫ ЖАҒЫЛДЫ

18 желтоқсанда Алматының барлық ауданында жаңажылдық шыршаның шамы бір уақытта жағылды. Негізгі мерекелік іс-шара Абай алаңында, Республика сарайының алдында өтті. Бұл жерде биіктігі 22 метр болатын қаланың бас шыршасы орнатылды. Жаңа жыл қарсаңындағы салтанатты рәсімге Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды мен жүздеген қала тұрғыны қатысты.

Бас шыршаны безендіруге 7 шақырымнан астам жаңажылдық гирляндар, сондай-ақ жарқын сәндік элементтер, үлкен және кіші шырша ойыншықтары, тақырыптық жаңажылдық әшекейлер мен жарық кескіндемелері пайдаланылды.

Қала тұрғындары мен қонақтарына заманауи мультимедиялық технологияларды, ауқымды жарық безендіруді және қазақстандық эстраданың танымал орындаушыларының өнерін біріктірген мазмұнды мерекелік бағдарлама ұсынылды.

Қаланың жаңажылдық бас шыршасының шамын жағу рәсімінің алдында Республика сарайының қасбетінде екі минуттық лазерлік шоу көрсетілді.

Ғимараттың қасбетінде Алматының өзіндік болмысын бейнелейтін ауқымды жарық кескіндемелері көрсетілді. Көрнекі бейнелерде қа-



ланың танымал символдары – таулар, бүркіт бейнесі, сондай-ақ жаңажылдық элементтер қолданылды. Композицияны жарқын қар ұшқындары, нәзік жарық өрнектері мен динамикалық жарық сәулелері толықтырып, мерекелік әрі салтанатты атмосфера қалыптастырды.

Бағдарламаның тағы бір басты бөлігі жарық шоуын әсем толықтырған сахналық фейерверк болды, ол мерекелік көңіл күйді одан әрі күшейтті.

Көрермендерге қазақстандық эстрада жұлдыздары, шоу-балет артистері мен мәнерлеп сырғанаушылар орындаған «Кел, Жаңа жыл!» вокалды-хореографиялық композициясы ұсынылды. Сондай-ақ, сахнада Қазақстанның Халық артисі Роза Рымбаева, Әли Оқапов, Мәди Рымбаев, «КешYOU», «Жігіттер», «Astra» топтары, сондай-ақ Балжан Бидаш пен Kodi өнер көрсетті.



БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



16

САРАПТАМА

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ЖАПОНИЯҒА САПАРЫ

Көпқырлы диалогтың стратегиялық мәні

18 желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жапониядағы ресми сапарын бастады. Ақорданың ресми хабарында сапардың 20 желтоқсанға дейін жалғасатыны айтылған. Соның аясында Император Нарухитомен, Премьер-министр Санаэ Такаичимен, сондай-ақ Жапонияның іскерлік орта өкілдерімен кездесу жоспарланған. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті алғаш рет өтетін «Орталық Азия – Жапония» саммитіне қатысады. Мәртебелі оқырманға Қазақстан мен Жапония, Орталық Азия мен Жапония арасындағы қарым-қатынастың жай-күйі мен болашағына қатысты қысқаша талдауды ұсынамыз.

Қарқынды саяси диалог

Жапония – Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы мемлекеттің бірі. Токио 1991 жылы 28 желтоқсанда ресми түрде елімізді халықаралық қатынастар субъектісі ретінде таныды. Екі мемлекет арасында дипломатиялық қатынас 1992 жылы 26 қаңтарда орнатылды. 1993 жылы қаңтарда Жапонияның Қазақстандағы елшілігі, 1996 жылы ақпанда Қазақстанның Жапониядағы елшілігі ашылған.

Қазақстан мен Жапония арасында ядролық қаруды таратпау және қару-сыздану саласында берік ынтымақтастық орнатылған. Токио 29 тамызды «Халықаралық ядролық сынақтарға қарсы іс-қимыл күні» деп жариялаған БҰҰ Бас Ассамблеясы қарарының тең авторы.

Президенттің Жапонияға ресми сапары екі ел арасындағы шарттық-құқықтық базаны кеңейтуге мүмкіндік береді. Қазірге дейін қосарланған салықты болдырмау, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану және инвестициялық бағыттағы келісімдер жасалған.



(Дереккөз: t.me/aqorda_resmi).

Бұған қоса, екі ел арасында жоғары деңгейде диалог орнатылған. Мемлекет және үкімет басшылары, Сыртқы саяси ведомство деңгейінде саяси диалог қарқынды дамуда. Биылғы «Орталық Азия – Жапония» саммиті алғаш рет жоғары саяси диалог деңгейінде өткелі отыр.

Көпқырлы форматтың бастаушысы

Қазіргі шарт-жағдайларға қарағанда, Орталық Азия мен Жапония арасындағы байланысты нығайтуға мол мүмкіндік бар. «Орталық Азия+» форматын ұсынған алғашқы ел Жапония екенін айта кеткен жөн. Қазір көпшілікке танымал форматты Токио 2004 жылы ұсынған. Бірақ осы күнге дейін кездесулер Сыртқы саяси ведомстволар деңгейінде өтіп келді. Алғашқы кездесу 2004 жылы тамызда Астана қаласында өткен болатын.

Бүгінге дейін СИМ басшылары бірнеше рет кездесіп, аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылық, ішкі аймақтық ынтымақтастық, лаңкестік пен ұйымдасқан қылмыспен күрес, реформа және әлеу-

меттік дамуға қолдау көрсету, аймақтық және әлемдік өзекті мәселелер бойынша әріптестік секілді тақырыптарды көтерген. Соңғы жылдары экономикалық бағытта ынтымақтастыққа мән берілуде. 2023 жылы экономика және энергетика министрліктері арасында диалог орнатылған. Бұл бағыттарда бизнес өкілдерінің диалогы мен жасыл энергетикаға мән берілуде.

Сондай-ақ, «Орталық Азия + Жапония» диалогының Аға лауазымды тұлғаларының отырыстары форматында да жиі отырыс өткізіледі. 2024 жылы 16 мамырда Астанада 16-отырыс өтті. Аймақ пен Жапония елдерінің сарапшылары арасында да диалог қолға алынған. 2025 жылы 6 наурызда Астанада алғаш рет «Орталық Азия + Жапония» сараптамалық диалогы өтті. Мұндай кездесулер Think tank орталықтары арасындағы байланысты нығайтуға әсер етеді.

Барлық тарапқа тиімді шарттар

Географиялық алшақтық пен ортақ шекараның болмауы қазіргідей жаһанданған заманда сауда-экономикалық

байланысты жасауға кедергі емес. Астана мен Токио екіжақты сауда айналымын арттыруға мүмкіндік жеткілікті.

ҚР Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, 2024 жылы екі ел арасындағы тауар айналымы 1,78 млрд. доллар болған. Оның ішінде Қазақстанның экспорты – 506,56 млн. доллар, ал импорты – 1,28 млрд. долларға жеткен.

Қазақстан Жапонияға металдар мен олардан жасалған бұйымдарды, ферроқорытпаларды, мұнай көмір, брикеттер, химиялық өнімдер мен өсімдік өнімдерін экспорттайды. Ал Жапониядан жеңіл автомобильдер, жүк көліктері, бульдозерлер, грейдерлер және басқа да арнайы көліктер, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құрылғылар, шиналар келеді.

Экономикалық ынтымақтастықты дамыту мақсатында Қазақстан мен Жапонияның Үкіметі мен жеке секторларының бірлескен комиссиясы құрылып, жұмыс істеуде. Бұдан бөлек, екі ел арасындағы іскерлік байланыстарды жандандыру мақсатында 2017 жылдан бастап Жапония азаматтары үшін 30 күнге дейінгі мерзімге визасыз режим енгізілген.

Жапония да Қазақстан мен өзге де Орталық Азия елдерімен сауда-экономикалық және инвестициялық байланысты нығайтуға мүдделі. Жапониялық Jiji Press ақпараттық ресурсы 16 желтоқсанда осындай ақпарат таратты. Бұл ақпаратқа сүйенсек, Токио Орталық Азия елдерінің көлік-транзиттік әлеуетін арттыруға инвестиция құюға дайын. Бұл инвестиция аймақты Еуропамен байланыстыратын көлік дәлізін дамытуға бағытталмақ. Өз кезегінде Жапония ұлттық Жасанды интеллект жүйесін дамыту мақсатында аймақтағы сирек металдарды өндіруге қызығушылық танытқан.

Осылайша Орталық Азия мен Жапония арасындағы саяси, сауда-экономикалық ынтымақтастық барлық тарапта тиімді шарттар негізінде дамымақ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ҚазҰУ-нің Халықаралық қатынастар факультетінде «Посткеңестік мемлекеттердің сыртқы саясатындағы Батыс векторы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ғылыми жиын факультеттің 30 жылдық мерейтойына орай Халықаралық қатынастар факультеті, Қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелері институты және Американдық демократиялық зерттеулер ресурстық орталығы бірлесіп өткізді. Онда сарапшылар Қазақстан мен Орталық Азияның геосаяси тұрақсыздық кезеңіне бейімделу мәселесін талқылады.

Конференция барысында жаңа геосаяси жағдайда Еуропа және АҚШ-пен ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды. Оған АҚШ, Франция, Ресей, Армения, Қырғызстан, Өзбекстан және отандық жетекші ғалымдары мен сарапшылары қатысты. Сарапшылар турбуленттілік кезеңіндегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктер, экономикалық және энергетикалық әріптестік, қауіпсіздік және дипломатия саласындағы ынтымақтастық, АҚШ-ң посткеңестік кеңістіктегі рөлі секілді тақырыптарда пікір алмасты.

Тақырып аясында Е.Сейлеханов, Б.Сұлтанов, Қ.Байзақова, Ф.Кукеева және еліміздің өзге де белгілі ғалымдары мен сарапшылары баяндама жасады. Сондай-ақ, конференция жұмысына шетелдік ғалымдар да белсенді қатысып, өз ойларын ортаға салды.

Іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі, ҚазҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің профессоры, Қауіпсіздік және ынтымақтастық мәселелері институтының директоры Құралай Байзақова институттың жұмысы, еліміздің сыртқы саясатына қатысты өз ойын ортаға салды. Құралай Ертісқызының пікірінше посткеңестік елдердің Батыс векторына қатысты түсініктері алғашқы кезде бірдей болған. Бірақ уақыт өте

ГЕОСАЯСИ ТҰРАҚСЫЗДЫҚ КЕЗЕҢІ:

ҚазҰУ-да әр ел сарапшылары пікір алмасты



келе өзгеріске ұшырап, әрқайсысы өз жолымен жүріп келеді. Тіпті, Орталық Азия мемлекеттерінің арасында да көзқарас айырмашылықтары бар. Сарапшы осындай геосаяси турбуленттік кезеңінде дипломат басшының болуы Қазақстанға жағымды әсер етті деген пікірде.

Сыртқы саяси бағытымызға келер болсақ, Қ.Ертісқызы көпвекторлы саясат қазіргі ең өзекті әрі тура ұстаным екенін баса белгіледі. Бірақ көпвекторлылық бұл қатып қалған саясат емес, керісінше сыртқы жағдайға бейімделу үстінде екенін айтты.

«Институт 10 жылдай жұмыс істеп келеді. Негізгі мақсатымыз – Қазақстанның сыртқы саясатында қауіпсіздік мәселелерін қарастыру, басқа елдермен

ынтымақтастықты дамыту, ғылыми-сараптамалық материалдарды дайындау, жас мамандарға қолдау көрсету. Осы мақсатпен біз конференциялар, семинарлар өткізіп, ғылыми зерттеудің нәтижелерін оқу үдерістеріне де қосамыз», – деді Құралай Ертісқызы.

Талқы соңында спикерлер Қазақстан мен Орталық Азияның геосаяси тұрақсыздық кезеңіне бейімделу үдерісі күрделі екенін, соған қарамастан, сыртқы саясатын ұлттық мүддеге сай жүргізіп келе жатқаны жөнінде пікір ортақтастырды.

Бетті әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ЭКОТУРИЗМ

ТАУДА ДА ТӘРТІП КЕРЕК

1000 шақырымнан астам бағыт цифрлық жүйеге енгізілді

Алматының таулы аймағы соңғы жылдары адам аяғы жиілеген, инфрақұрылымы күрделі, бірақ әлеуеті зор аймаққа айналды. Халықаралық таулар күніне орай өткен баспасөз конференциясында қала тауларының экожүйесі, қауіпсіздігі мен экотуризмнің даму бағыты жан-жақты талқыланып, 2024-2025 жылдарға арналған ауқымды жоспар көпшілікке таныстырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

Алатаудың бөктерінде инженерлік шешімдер жаңарып, цифрлық бағыттаушылар іске қосылып, кемпинг аймақтары көбейді. Туризм басқармасының инфрақұрылым бөлімінің меңгерушісі Дәурен Ерғалиев келтірген дерекке сүйенсек, бүгінде 1000 шақырымнан астам бағыт цифрлық жүйеге енгізіліп, 2Gis арқылы қолжетімді. Ал 850 шақырымға жуық сұрлеу абаттандырылып, 13 кемпинг аймағы заманауи талапқа сай жабдықталған.

Ең көп жүктемеге ұшырайтын Медеу, Шымбұлақ, Тұйық-Су, Бутаковка және Алма-Арасан сияқты бағыттарда жұмыстар ерекше қарқын алған. Биыл Алма-Арасан термалды бұлағына апаратын 775 метрлік жол толық жаңартылып, металл торлармен бекітілді, көпірлер қайта салынды, баспалдақтар мен демалыс алаңдары орнатылды. Осылайша негізгі нүктелерде абаттандырылған маршруттар жүйесі қалыптаса бастады.

Сондай-ақ, бағыттаушылар, түсті таңбалар, ақпараттық тақтайшалар мен бақылау алаңдары көптеп қойылуда. Үлкен Алматы

шыңы, Қ.Сәтбаев шыңы мен Жастар шыңында кіріп-шығатындарды тіркейтін автоматты құрылғылар іске қосылады. Таудағы қозғалысты бақылау туристік ағымды реттеп, қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді.

Тау шатқалдарында қауіпсіз әрі экологиялық кемпинг аймақтары жасақталып жатыр. Сол жақ Талғар, Күнгі алқап және Өтпелі шатқалда күн панельдерімен жабдықталған жаңа тұрақтар бой көтерді. Бұл табиғатқа түсетін жүктемені азайтып, өздігінен ашылған лагерьлердің қаупін төмендетеді. Тұйық-Су, Қимасар, Күміссу бұлақтарындағы су алатын нүктелер де ретке келтірілді.

2025 жылы Алма-Арасан аймағын толық жаңарту, үш жаңа кемпинг ашу, жүктемесі көп он бағытты абаттандыру және су алатын нүктелерді жабдықтау жоспарланған. Келер 3-5 жылда Алматының бүкіл таулы белдеуінде басым бағыттар реттеліп, рекреациялық аймақтар кеңейіп, цифрлық сервистер орнығады.

Турист қатесі – негізгі қауіп

Альпинист-құтқарушылар қысқы мезгілде жазатайым оқиғалардың жиілеуін туристердің өз қателігімен байланыстырады. Бағыттан ауытқу, навигациясыз шығу, ауа райын елемей, лайықты киімсіз жолға шығу – ең көп кездесетін себептер. Соқпақтар мұздап, қар қатқан кезде құлау қаупі артатыны белгілі. Дұрыс киінбегендер үсікке шалдығуда.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қауіп күшейген сәтте жедел операторлар тұрғындарға жолға шықпау туралы SMS-хабарлама жібереді. Тау етегіндегі бірнеше құтқару бекеті, әсіресе, Медеудегі база, оқыс оқиға кезінде жедел көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Мамандар белгіленген бағыттан шықпау, ауа райын алдын ала тексеру және қарапайым қауіпсіздік ережесін сақтау – ең сенімді қорғаныс екенін ескертті.

Тау климаты жылып, табиғи қауіп күшейді

«Қазгидромет» дерегінше, Іле Алатауының климаты соңғы алпыс жылда айтарлықтай жылып келеді. БАО мен Мыңжылқы метеостанцияларындағы 1961–2024 жыл-

дар аралығындағы дерек температураның тұрақты өскенін көрсетеді. Әсіресе, қыс пен көктем аралығындағы кезең айтарлықтай өзгерген. Бұл – Солтүстік Тянь-Шаньда онжылдық сайын 0,1-0,2°C жылынатын құбылыс.

Климаттың өзгеруі мұздықтардың еруін жеделдетіп, жауын-шашын құрылымын да өзгертуде. Жаңбыр көбейіп, қар тез еріп кететін жағдай жиілеген. Бұл – өз кезегінде қар көшкіні қаупін арттыратын фактор. Синоптиктер ауа райын болжау үшін жерүсті бақылау, спутниктік дерек, автоматты станциялар жұмысы, WRF және ECMWF моделін пайдаланады. Модельдік есептер тау ерекшелігіне қарай қолмен түзетіліп отырады.

Туристерге арналған ауа райы болжамы «Қазгидромет» сайтында, сондай-ақ «Dartem» қосымшасында қолжетімді. Қауіпті құбылыстар туралы ескерту жедел жарияланып, 112 қызметінің деректерімен синхронды түрде шығады.

Ең қауіпті көшкін аймақтары – Үлкен және Кіші Алматы, Түрген, Қотырбұлақ алаптары. Шымбұлақ пен БАО маңында көшкінді үнемі бақылап отыратын екі станция жұмыс істейді.

Алматының таулары – қаланың символы ғана емес, оның тынысы, табиғи қорғаны, мыңдаған адам күн сайын тыныстайтын, жандандыратын кеңістік. Бүгін қолға алынған экожүйені сақтау, инфрақұрылымды жаңарту және қауіпсіздікті күшейту жұмыстары – осы ұлы табиғи әлемді келешек ұрпаққа аман жеткізудің жолы.

«БАСТАУ БИЗНЕС»

Алматы – әйелдердің іскерлік белсенділігі жағынан елдегі көшбасшы өңірлер қатарында. Тек биылдың өзінде «Бастау Бизнес» бағдарламасы аясында 647 көпбалалы ана оқудан өткен. Олардың 281-і 400 АЕК көлемінде (шамамен, 1,57 млн. теңге) мемлекеттік грантқа ие болды.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бизнес-жобалардың басым бөлігі қызмет көрсету, қолөнер өндірісі, білім беру мен әлеуметтік бастамалар бағытында жүзеге асып жатыр. Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы әкімі жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия жобаны жан-жақты түсіндірді.

«Әйелдер кәсіпкерлігі – экономикаға қосқан үлес қана емес, ол отбасының да тұрақтылығын арттырады. Көпбалалы аналар шеберхана, шағын студия және әлеуметтік жобалар ашуға икемді екенін байқаймыз. Біздің міндетіміз – оларды қолдауды күшейте түсу», – дейді комиссия мүшесі Сана Жандай.

Кейінгі бес жылда Алматыда 5 млн. теңгеге дейінгі гранттарға 3,3 млрд. теңге бөлінген. 969 жоба мақұлданған. Бүгінде отбасыларға, балалар мен әлеуметтік

осал топтарға қызмет көрсететін әлеуметтік кәсіпкерлерге басымдық беріліп отыр. Бұл мәртебе «Алматы» ӘКК» АҚ-ның нысандарын жеңілдікпен жалға алуға мүмкіндік береді. 1 шаршы метр үшін 0,1 АЕК, сүйемелдеу мен қолдау да оларға қолжетімді болады.

Қалада жергілікті шикізаттан өнім өндіруге бағытталған жоба да дамып келеді. Ол әсіресе, қолөнер, тағам өндіру, тоқыма, декоративті бұйымдармен айналысатын көпбалалы аналардың арасында үлкен сұранысқа ие.

Дегенмен, спикер кәсіпкерлік жолда жүрген әйел-аналардың бастапқы капиталдың аздығы, бизнесті бала бағумен қатар алып жүру, цифрлық сауаттың төмендігі, «Алматы» ӘКК» жүйесінен тыс ғимараттарға қол жеткізе алмау сияқты әлі де біраз қиындыққа тап болып отырғанын жасырмады.

«Рәсімді жеңілдетіп, өтінім беруді цифрландырып, инфрақұрылымды қолжетімді етіп, кеңейтуді алдағы жылдарға жоспарлап қойдық. Әйелдерге түсінікті оқыту форматы мен сүйемелдеу қажет, бұлар қазірдің өзінде қолға алынып, әзірленіп жатыр», – деді С.Жандай.

Брифингте Алматы қаласы әкімінің гендерлік мәселелер жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Айгүл Шалбаева әйелдер мен отбасылық кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұсыныстары мен оның экономикаға әсері туралы айтып берді.

А.Шалбаеваның айтуынша, еліміздегі ШОБ нысандарының жартысына жуығын әйелдер басқарады. Алматыда кәсіпкер әйелдер 32 мың бизнес нысанының жұмысын дөңгелентіп отыр. Олардың басты артықшылығы – эмпатия, коммуникация және ұзақ мерзімді нәтижеге бағытталу дейді спикер.

Ол қаладағы отбасылық бизнесті дамытуды жеделдететін бірнеше іс-шараны да атап өтті. Солардың арасында отбасылық кәсіпкерлер үшін «бір терезе» жүйесін құру, арнаулы онлайн-платформа іске қосып, білім беретін бағдарламаны көбейту, қолдау мен инфрақұрылымдық шешімдер бар.

«Сонымен қатар, маркетингтік бастамалар да маңызды рөл атқара алады. Мәселен, қалалық фестиваль мен «Алматының отбасылық өнімдері» бренді, онлайн-маркетплейс, туризм саласында отбасылық кәсіпорындарды ілгерілету, қолөнер шеберханаларындағы «шеберлік сабақтары» мен отбасылық бизнес өкілдерін жұмысты жаңадан бастағандармен байланыстыратын менторлық бағдарламалардың рөлі ерекше», – дейді А.Шалбаева.

✓ ӘЙЕЛ МІНБЕРІ

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

Апуза ИБАДУЛЛАЕВА,
көпбалалы ана, кәсіп иесі:

– Менің төрт балам бар. 25 жасымнан өндірісте, кондитерлік цехтарда көп жыл наубайшы-кондитер болып жұмыс істедім. Осы бағытта өз ісімді ашсам деген арманым бар еді. «Бастау Бизнес» бағдарламасы туралы таныстарымнан естідім. Шынымен де үлкен қолдау көрсетті. Алдымен қысқа мерзімдік курсты оқып шықтым. Сосын жобамды ұсынып, грант ұтып алдым. Қазір түрлі тағамға, ыстық ас пен ланч-бокстарға тапсырыс аламын. Отбасыма да жеткілікті көңіл бөліп, жеке кәсібімді де дөңгелетіп отырмын. Адам бір нәрсеге талпынған кезде ғана табысқа, арманына жетеді. Мемлекет бізге қолымызға балық аулап жейтін қармақ ұстатып отыр. Ал оны тиімді пайдалана білу – өзімізге байланысты.

Назым АХАН,
көпбалалы ана, жас кәсіпкер:

– Бұған дейін бірнеше жыл медицина саласында жұмыс істедім. Диагностикалық кабинет ашу бұрыннан ойымда жүретін. Бірақ бөлмені жалдауға, жабдық сатып алуға кететін қаражат пен бастапқы капиталды ойлағанда, беттемей қалғам. Кейін «Бастау Бизнес» жобасы туралы естіп, Түркісіб ауданындағы аналарды қолдау орталығына кеңес алуға келдім. Ондағы мамандардың жөн сілтеуімен өзіме қажетті ақпараттарға қанықтым, біліктілік курсынан өтіп, 2025 жылдың бірінші легіне қатыстым. Соңында грант ұтып алдым. Менің жобам – ағзаны диагностикалау мен сауықтыру кабинеті. Біреулерге 400 АЕК – аз ақша, бірақ стартап үшін 1,5 млн. теңге – кәдімгідей қолдау. Бағдарламаның арқасында мен жабдық сатып алып, кабинетімді аштым. Көпбалалы ана болған соң, мұны үлкен мүмкіндік деп қабылдадым. Кәсіп ашсам деп жүрген әйел-аналарға мемлекет ұсынып отырған мүмкіндікті қорықпай пайдаланыңыздар дегім келеді.





БРИФИНГ

Дархан САТЫБАЛДЫ:

ЭКОНОМИКАЛЫҚ

Алматының басты басымдығы

(Басы 1-бетте)

Инвестиция игілігі

Шаһар басшысы қаланың басты басымдығы – экономиканың тұрақты өсімі екенін баса атап өтті. Биыл қалада іскерлік белсенділік жоғары деңгейде сақталып, инвестициялық серпін оң бағытта дамыған. 11 айдың қорытындысында қысқамерзімді экономикалық индикатор 11,4%-ға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңінен асып түскен. Экономикалық өсімнің негізгі драйверлері ретінде құрылыс саласы (+38,3%), көлік (+21,5%) және өңдеу өнеркәсібі (+16,8%) аталды.

Экономикалық өсім жоғары инвестициялық белсенділікпен нығая түсті: 11 айда 1,9 трлн. теңге инвестиция тартылды, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 19%-ға көп. Жалпы құны шамамен, 500 млрд. теңге болатын 12 ірі жоба іске қосылған. Олардың қатарында автокөлік шығаратын, шиналарды қайта өңдейтін, шыны ыдыс пен күн модульдерін өндіретін зауыттар бар.

Жыл қорытындысы бойынша жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) өсімі 6,4% деңгейінде болмақ. 11 айдағы салық түсімдері 1,97 трлн. теңге болып, 19,4%-ға артты.

Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мақсатында жаңа жұмыс орындары құрылуда: жыл басынан бері 92 мың жұмыс орны ашылды, олардың 87%-ы – тұрақты. Тоғыз айдағы орташа айлық жалақы 539 мың теңгеге жетіп, 14,5%-ға өсті және республикалық орташа көрсеткіштен 29%-ға жоғары болды.

ШОБ-ты қолдауға 66 млрд. теңге бөлінді

Брифинг барысында Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қала экономикасындағы шағын және орта бизнестің маңыздылығын атап өтті.

Оның айтуынша, ШОБ бюджетке түсетін түсімдердің негізгі бөлігін қамтамасыз ете отырып, жалпы өңірлік өнімнің шамамен, 60%-ын алады, ал қала халқының 90%-ы осы салада жұмыс істейді. Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар саны 9,4%-ға өсіп, 387 мыңға жетті, өнім көлемі 2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 21%-ға артып, 13,2 трлн. теңгеге дейін ұлғайды. Кәсіпкерлікті қолдау үшін 1 мыңнан астам жобаға бюджеттен 50,8 млрд. теңге бөлінді, бұл жұмыс орындарын құруға және қала экономикасын дамытуға ықпал етеді.

Қала әкімі келер жылы жергілікті бюджеттен ШОБ-ты қолдауға 66 млрд. теңге қарастырылғанын, бұл биылғы көрсеткіштен 30%-ға артық екенін атап өтті. Әкімнің бастамасымен және мәслихат депутаттарының қолдауымен арнаулы салық режими бойынша мөлшерлеме 4%-дан 3%-ға дейін төмендетілді.

Ауызсудан тапшылық болмайды

Дархан Сатыбалды Алматыда әр кезеңде салынған инженерлік желілердің күрделі жүйесі қалыптасқанын тілге тиек етті. Бұл жүйе тұрақты түрде дамытуды және жаңартуды талап ететінін де баса атап өтті.

Әкімнің айтуынша, 2026 жылдың соңына дейін «Ақсай», «Нұрлы тау» және «Барлық» су алу құрылыстарының, сондай-ақ 460 шақырым су құбыры желілерінің құрылысы аяқталады. Бұл іс-шаралар қаладағы 232 мың тұрғынды



тұрақты ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Келесі жылы ұзындығы 19 шақырым болатын үлкен диаметрлі коллектор, сондай-ақ қаланың оңтүстік, орталық және шығыс бөліктерінен сарқынды суларды ағызуда арналған жалпы ұзындығы 33 шақырым болатын 3 кәріз коллекторы салынады. Ұзындығы 30 шақырымнан асатын жаңа Батыс коллекторы Алматының батыс бөлігін және облысқа іргелес аумақтарды қамтиды.

«Энергетика саласында Наурызбай, Алатау және Медеу аудандарында иесіз қалған 147 шақырым желіні қайта жаңғырту жоспарланып отыр. Батыс жылу кешенін кеңейту және қуаты 100 МВт болатын екі қазандық агрегатты орнату қаладағы 250 мың тұрғынның жылумен қамтылуын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Шығыс қақпасы» және «Кірпіш» 110 кВ қосалқы станцияларын салу қаланың шығыс бөлігіндегі келешегі бар аудандарды сенімді электр қуатымен қамтамасыз етеді. Жалпы, жыл сайын кемінде 130 шақырым инженерлік желіні жаңарту көзделген. Оның ішінде: су құбыры желілері – 35 шақырым, кәріз жүйесі – 10 шақырым, жылу желілері – 39 шақырым, электр желілері – 45 шақырым», – деді Д.Сатыбалды.

Іскерлік орталықтар бой көтереді

Шаһар басшысы брифингте аумақтық дамудағы сәйкессіздікті жою мақсатында қалалық полиорталықтарды құру жұмыстары басталғанын мәлімдеді. Әрбір полиорталық адам жиі баратын жеке орынға айналып, тұрғындарды сенімді инфрақұрылыммен қамтамасыз етпек.

«Жобаның негізінде қалалық белсенділікке арналған жаңа орталықтар құру идеясы жатыр. Полиорталықтардың даму тұжырымдамасын халықаралық сарапшылар әзірледі. Басты басымдық – «Шығыс қақпасы» мен «Батыс» полиорталықтарын қалыптастыру. Бұл аумақтарда тақырыптық ойын-сауық паркі, Алматы су арнасы, Almaty AI Park, EXPO Center, жаңа стадион және басқа да нысандар-

ды орналастыру жоспарланған. Аталған жобаларды жүзеге асыру қала аумақтарын бірдей дамытуға, тарихи орталыққа түсетін жүктемені азайтуға және барлық аудандағы қалалық ортаның сапасын арттыруға мүмкіндік береді», – деді әкім.

Макулатура өңдейтін зауыт салынады

Шаһар басшысы баяндамасында Алматының экологиясын жақсарту алдағы уақытта да күн тәртібінен түспейтінін және ол тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру мен орнықты мегаполис қалыптастырудың негізгі шарты ретінде қарастырылатынын атап өтті.

Әкімнің айтуынша, 2026 жылдың соңына дейін 2-ЖЭО-ні табиғи газға көшіру жұмыстары аяқталады. Келесі кезеңде бу-газ технологиясын енгізе отырып, 3-ЖЭО-ті қайта жаңғырту жоспарланған. Бұл жылу көздерінен шығатын зиянды заттар көлемін 92%-ға дейін азайтуға мүмкіндік береді.

2027 жылға қарай жеке тұрғын үйлер табиғи газбен 100% қамтылады. Ал 2028 жылға қарай қалалық бағыттарда экологиялық таза қоғамдық көлікке толық көшу жоспарланған.

«Алматыда қалдықтарды басқару саласы көму тәсілінен терең өңдеу және энергетикалық кәдеге жаратуға кезең-кезеңімен ауысып жатыр. Жылына 80 мың тоннаға дейін пластик өңдейтін және жылына 150 мың тонна жоспарланған. Қайта өңдеуге жарамсыз қалдықтар энергия өндіру үшін жағылады. Ол үшін тәулігіне 2 мың тонна қалдықты өртейтін қоқыс жағу зауытын салу көзделіп отыр. Аталған іс-шараларды іске асыру 2030 жылға қарай коммуналдық қалдықтарды өңдеу және кәдеге жарату үлесін 37% пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді», – деді Дархан Сатыбалды.

«Шымбұлақ» пен «Ой-Қарағай» бірігеді

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды туризмді дамытудағы негізгі

қиындық – туристерге арналған инфрақұрылымның жеткіліксіздігінен болып отырғанын мәлімдеді.

Әкімнің айтуынша, Алматы тау кластеріне күн сайын келетіндердің саны оның бір мезетте қабылдай алатын шекті мөлшерінен көп. 2025 жылы Іле Алатауы ұлттық паркіне 901 мың турист келсе, «Шымбұлақ» курортына 1,1 млн. адам барған. Демалыс және мереке күндері келушілер саны тәулігіне 15 мың адамға дейін жетіп, бұл трасса мен аспалы жолдарға шамадан тыс жүктеме түсіріп, қызмет көрсету сапасының төмендеуіне алып келеді.

«Осы мәселелерді шешу үшін «Шымбұлақ» пен «Ой-Қарағай» курорттарын аспалы жол арқылы біріктіретін Алматы тау кластерін дамыту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба шетелдік туристер санын 1 млн. адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді, ал қаланың экономикасына жыл сайынғы үлес 300 млрд. теңге көлемінде кіріс әкеледі деп бағаланып отыр. Сонымен қатар, Алматы халықаралық әуежайын жаңғырту жұмыстары басталды. Бұл жобаға 362 миллион доллар көлемінде инвестиция тартылып, әуежайдың жолаушы қабылдау мүмкіндігі 19 миллион адамға дейін артады. Бұған қоса, қалада 3664 нөмірге арналған қонақ үйлер мен туристік нысандарды салу бойынша 11 жоба жүзеге асырылып жатыр», – деді Дархан Сатыбалды.

Таяуда 16 балабақша пайдалануға беріледі

Әкімнің мәлімдеуінше, Алматының әлеуметтік дамуы мегаполис үшін басым бағыт болып қала береді. Қала әкімдігі сапалы білім беру және денсаулық сақтау қызметінің қолжетімді болуы үшін инвестиция құйып отыр.

Биыл қалада 37,1 мың орынға арналған 22 білім беру нысаны салынды. Бұл оқушы орындарының тапшылығын 29,7 мыңнан 3-4 мыңға дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Алматы мектеп стандартына» сәйкес оқушы орындарының тапшылығын кезең-ке-



ТҰРАҚТЫ ӨСІМ

зеңімен азайту мақсатында алдағы бес жылда 16 мектеп пен 7 қосымша ғимарат салу көзделген.

Әкімнің айтуынша, жуырда 16 балабақша пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, жекеменшік балабақшаларда 10 000 қосымша орын ашу үшін мемлекеттік тапсырыс орналастырылады. Аталған іс-шаралар 2030 жылға қарай 2–6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен қамтуды 99 пайызға жеткізуге мүмкіндік береді. Ал денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 25%-ға артып, 48,8 млрд. теңгеге жетті. Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 2 орталық пен 1 емхана салынды, тағы 32 нысанда жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жедел жәрдем автопаркі 37%-ға жаңартылған.

«Денсаулық сақтау саласында бірыңғай стандартқа сәйкес қаладағы 475 мың тұрғынды медициналық қызметпен қамтитын медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін 11 нысан салынады. Сонымен қатар, 3 перзентхананың, 2 заманауи стационардың, сондай-ақ 250 орынға арналған хоспис пен СПИД орталығының құрылысы басталады. Бұдан бөлек, 1,5 млн. тұрғынды қамтитын 16 қосымша жедел медициналық жәрдем станциясы салынады», – деді Дархан Сатыбалды.

Барлық жақсы – жастарға

Алматы қаласының әкімі әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және жастарға



арналған мүмкіндіктерді кеңейту туралы да айтты. 2025 жылы Алматыда 11 компьютер-орталық және 4 «Narco-STOP» орталығы ашылды, сондай-ақ 33 демалыс орталығы жаңғыртылды. Студенттік жатақханаларда 8 мыңнан астам орын жасақталды. «Алматы жастары» бағдарламасы аясында білім беру, денсаулық сақтау, ғылым, мәдениет, спорт және журналистика салаларында еңбек ететін мамандарды қосқанда, 2200 адамға тұрғын үйге арналған несие берілді.

Сонымен қатар, қалада 3 шынықтыру-сауықтыру кешені ашылып, көше спорт түрлеріне арналған 50 нысан салынды. Кешенді шараларды іске асыру нәтижесінде NEET санатындағы жастардың

Жаңашыл жоба

Алматыда 2026–2030 жылдарға арналған қаланы дамыту жоспары қабылданды. Шаһар басшысы жаңа жоспардың Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық міндеттерге негізделгенін атап өтті. Құжат шаһардың орнықты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі басымдықтар қатарында көлік жүйесін жан-жақты дамыту, қолайлы қалалық ортаны қалыптастыру, әлеуметтік тұрақтылықты нығайту, экологиялық бастамаларды қолдау, цифрлық трансформацияны жеделдету және қауіпсіздік деңгейін арттыру көзделген.

«Алдағы бес жыл ішінде Алматының жалпы өңірлік өнім көлемін 70 трлн. теңгеге дейін, яғни шамамен екі есеге ұлғайту жоспарланып отыр», – деді қала басшысы.

UEFA талабына сай стадион

Алматыда жыл сайын кемінде 40 ауқымды мәдени-бұқаралық іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Бұл туралы да баспасөз мәслихатында айтылды. Шаһар басшысы мәдениет қаланың маңызды әлеуметтік құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар оның инвестициялық тартымдылығын арттыратын елеулі құндылық екенін атап өтті.

Әкімнің айтуынша, 2028 жылға дейін Қазақ мемлекеттік циркін, Алматы хайуанаттар бағын, Сац атындағы мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрын, сондай-ақ Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратын қайта жаңғырту жоспарланған.

Сондай-ақ, салауатты өмір салтын кеңінен насихаттау мақсатында спорттық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жалғасады. 2027 жылға дейін «Медеу» биік таулы спорт кешенін қайта жаңғырту жоспарланған. Негізгі жобалардың бірі – UEFA талаптарына сай, 45 мың көрерменге арналған жаңа стадион салу. Нысан құрылысын 2027 жылы аяқтау көзделіп отыр.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШ, Досбол АТАЖАН.

СҰРАҚ-ЖАУАП

Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды БАҚ өкілдерінің сауалына жауап берді.

Мердігерге енді аванс берілмейді

Қала әкімі журналистің мердігер ұйымдарға аванстық төлем беру мәселесі бойынша сұрағына мұндай төлемді тоқтату туралы шешім қабылданғанын мәлімдеді. Бұдан былай келісімшарт бойынша төлем тек нақты орындалған жұмыстың нәтижесі бойынша беріледі.

Әкімнің жұмыс сапары мен күрделі нысандарды тексеру барысында бірқатар компанияның конкурста жеңіске жетіп, аванс алып, өзіне жүктелген жұмыстың барлығын қосалқы мердігер ұйымдарға толықтай беріп отырғаны анықталған. Бұл ретте олар жобаларды жүзеге асыруға іс жүзінде қатыспайды.

Әкім қазіргі уақытта конкурстардың жеңімпазы Қаржы министрлігінің порталында қолданылатын рейтингтік-балдық жүйе арқылы айқындалатынын еске салды. Бұл жүйеде жеңімпаз автоматты түрде анықталады.

«Компаниялар конкурстарда 30 пайыздық аванс қарастырылғанын көріп, шын мәнінде тек сол қаражат үшін ғана қатысады. Соның кесірінен жобаларды жүзеге асыру мерзімі созылып кетеді, ал тапсырыс беруші компания құрылтайшыларын басқа қалалардан іздеуге мәжбүр болады. Мұндай жағдай енді қайталанбауы үшін біз нақты шешім қабылдадық: алдымен жұмыс орындалады, содан кейін ғана төлем жасалады», – деді Алматы қаласының әкімі.

Жаңа тәжірибе мердігер ұйымдардың жауапкершілігін арттыруға, олардың жобаларға нақты қатысуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ қаладағы құрылыс және инфрақұрылымдық жұмыстарды уақытылы орындауға мүмкіндік бермек.

Көлік кептелісі әлі де өзекті

БАҚ өкілі қаладағы көлік кептелісі қалай шешілуіде деп сұрады.

«Бұл – күрделі мәселе. Кептеліс экологияға тікелей әсер етеді, себебі көліктер ауаға тарайтын зиянды заттардың 60%-ын шығарады. Біз Шанхай, Лондон және Мәскеу секілді қалалардың тәжірибесін зерделедік. Мәскеуде 2016 жылы жеке автокөлікті пайдаланушылардың үлесі 60% болса, бүгінде бұл көрсеткіш 30%-ға дейін төмендеді, ал қалған 70% тұрғын қоғамдық көлікті пай-

даланады. Сондықтан кептеліс мәселесінің бір ғана шешімі бар», – деді Дархан Сатыбалды.

Әкім мәселені шешудің тиімді жолының бірі – жылдам жүретін қоғамдық көлік бағыттарын дамыту екенін атап өтті.

«Біріншіден, BRT желілерін тез әрі салыстырмалы түрде оңай іске қосуға болады. Сонымен қатар, LRT жобасы да дайындалып жатыр, бұл бағыттар қатар жүзеге асырылады», – деді ол.

Қала басшысы метроның дамуына да жеке тоқталды. Оның айтуынша, қазіргі уақытта бірқатар нысанды аяқтау мерзімдері қайта қаралып жатыр.

«Маусым айында метроға барғанымда маған «Қалқаман» бекетін аяқтауға 24 ай қажет делінген. Қазір бұл жұмыстарды 8-9 айда бітіру жоспарланып отыр. Мұндай жобаларды жедел жүзеге асыру керек», – деді ол.

Оның айтуынша, қала метрополитенді кеңейтуді жалғастырып жатыр. Келесі жылы «Қалқаман» бекеті мен «Барлық» базары арасындағы 5,3 шақырымдық метро желісінің құрылысы басталады. Сондай-ақ, «Жібек жолы» бекетінен әуежайға дейінгі 14 шақырымды қамтитын екінші желі жобасы әзірленіп жатыр. Сөз соңында әкім метро мен қоғамдық көлік дамымай,

қаладағы көлік кептелісі мәселесін шешу мүмкін емес екенін атап өтті.

2030 жылға дейін 1,3 млн. ағаш егіледі

Алматыда Мемлекет басшысының 2,5 млн. ағаш егу жөніндегі тапсырмасын іске асыру жалғасуда. Бұл туралы қала әкімі журналист сұрағына жауап бере отырып мәлімдеді.

Әкімнің айтуынша, көгалдандыру бағдарламасы 2030 жылға дейін есептелген және бүгінгі күні жоспарланған көлемнің жартысы орындалған. Келесі кезең аясында қалада қосымша шамамен 1,3 млн. ағаш пен бұта егу көзделіп отыр. Шаһар басшысы қалада көгалдандыруға қатысты тәсілдер қайта қаралып жатқанын атап өтті. Атап айтқанда, сандық көрсеткіштерге ғана емес, егілетін материалдың сапасына да басымдық беріліп отыр.

«Біз егу технологиясын өзгертеміз және ірі көлемді ағаштарды қолдануға көшеміз. Сарапшылармен бірлесіп, қалалық экология мен жоғары көлік жүктемесі жағдайында жақсы бейімделетін ағаш түрлері іріктеліп жатыр. Алдағы уақытта санға емес, жасыл желектің сапасы мен төзімділігіне басымдық беріледі», – деді қала басшысы.

Буллингпен күресетін ведомство құрылады

Мегаполис басшысы буллинг тақырыбын қозғаған журналист сауалына орай қалада буллинг және кибербуллинг мәселесімен айналысатын жаңа ведомство құрылатынын айтты.

«Буллинг мәселесі біздің бақылауымызда. Әр мектепте өзінің психолог маманы бар. Сенім телефоны жұмыс істейді. Биыл ата-аналардың өтініші бойынша 2 мыңға жуық кездесу өткіздік, оның 200 жағдайында буллинг болғаны расталды. Бұл – өткір сұрақтардың бірі, сондықтан келесі жылы жаңа басқарма құру туралы шешім қабылдадық. Ол балалардың құқығын қорғау басқармасы болады, атын әлі де нақтылаймыз. Қазір бұл қызметтер білім басқармасына жүктелген. Бірақ осы мәселеге ерекше көңіл бөлгіміз келеді. Себебі, қаламыз үлкен, 355 мың оқушы бар» – деді әкім.






МАРКЕТИНГ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ДӘУІР

Желі жұлдыздарының бренді

Қазір өнім шығару бұрынғыдай тек зауыт-фабрикалардың, компаниялардың немесе ірі брендтердің мүмкіндігі емес, әлеуметтік желіде аудиториясы бар кез келген адамның қолынан келетін іске айналды. Бүгінде бір телефон, бір контент-жоспар және көпсанды жазылушы – өнім нарығына кіру үшін осы үшеуі ғана жеткілікті. Әсіресе, блогерлер арасында бұл тренд қатты күшейді. Бұрын гив арқылы жазылушылар санын арттырып, сол арқылы бедел жинауға тырысқан әлеуметтік желі жұлдыздары енді мүлде басқа бағытқа – жеке өнім шығаруға бет бұрды. Instagram, TikTok-ты көрсеніз де, көзге бірінші түсетіні – блогерлердің өз брендтері туралы жарнамалары.



(Сурет: ЖИ)

Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Әлеуметтік желінің әлеуетті бағытына айналған бұл салада әркім әртүрлі әрекет етіп жатыр. Кейбірі бұл іске абайлап, жылдар бойғы сенімін, аудиториясын жоғалтпау үшін өнім сапасын бақылауға тырысса, ал енді біреулері өнім шығару жарысында бір-бірінен озып әлек. Мысалы, аты танымал блогер ерін опадалабын шығарып, оны «Тек менің арнайы дизайным» деп таныстырған еді. Оқырмандарының басым бөлігі өнімді қолдап сатып алып, желіні пікірге толтырды. Алайда, бірнеше айдан соң сол өнімнің дәл сондай дизайны Қытай жеткізушілерінде танымал екені, ал блогер тек қаптамасындағы атауын ғана өзгерткені анықталды. Бұл бір ғана мысал емес, соңғы кездері мұндай жағдай тіптен жиілеген.

Тағы бір блогер жақын арада шашқа арналған күтім құралдарын шығарып, оны «барлық мәселені шешетін керемет құрал» ретінде таныстырды. Өнімін жарнамалаған бірнеше видеода өзінің шашын ерекше жылтыр етіп көрсетті. Бірақ шын мәнінде, бұл өнімнің емес, керісінше видеоны жарықпен, фильтрмен «жетілдірудің» нәтижесі екені белгілі болды. Осыдан кейін өнім сапасына сенім азайып, тредс жазушылары бұның атауын өзгерткен қытайлық тауар екені, тіпті өнім құрамның нашар екенін де жайып салды. Өкінішке орай, блогердің танымалдылығы осы факторлардың бәрін жеңіп, сатылым алғашқы сәттен-ақ рекорд қойды.

Мұндай трендте кей блогерлер косметиканы емес, киім өндірісін негізгі бағытына айландырып жатыр. Аудиториясы миллионнан асатын блогерлердің өз есімін брендке айландырып, коллекциясын «шектеулі серия» ретінде шығарады. Бұл да жоғарыдағы мысалдарға ұқсас, айналып келгенде сол киімдер Түркия мен Қытайдағы масс-маркет фабрикаларында бар үлгілерден алынып, тек этикеткасы мен киімнің шеткі жағына қойылған эмблемасы ғана ауыстырылған. Дегенмен, «өз блогеріне қолдау көрсетумен» сатылымы жоғары өнім болып қала берді.

Сонымен, соңғы кездегі осындай үрдістердің бәрін біріктіретін бір түсінік болуы тиіс қой. Әлбетте, бұл маркетингтің жаңа форматта дамып, күшеюі. Бұлайша айтқанда, қазіргі таңда өнімнің болуы жеткіліксіз, блогерлер оған драматургия қосады: бірнеше апта бойы «жақында жаңалық болады» деп құпияға толы стористер салып, аудиториясын қызықтырып қояды. Кейін «жасырын жүрген жобам» деп, өнімді салтанатты түрде жариялайды. Бұл тәсіл жұмыс істейтіні соншалық, адамдар көбіне өнімнің сапасына терең үңілмей, тек эмоциямен



сатып алады. Өйткені, олар блогерді ұзақ уақыттан бері көріп жүр, күнделікті өмірін біледі. Маркетингтің күші дәл осы жерде. Бүгінде аудиториясы бар адам үшін өнім шығару өте оңай. Қаптама дайындайтын, өндіретін, жеткізетін компаниялар жеткілікті. Тіпті, арнайы қызметтер бар: блогерге тек идея айтуы керек, ал қалғанын – логотиптен бастап фабрикаға тапсырыс беруге дейін мамандардың өзі жасап береді. Осындай ыңғайлылықтың арқасында блогерлердің «өнім жарысы» тоқтайтын түрі жоқ. Бірі таңертең жаңа тональды кремін таныстырса, түске қарай екіншісі ерін далабы, ал кешке тағы бірі киімін таныстыруы мүмкін.

Бірақ бұл трендтің жақсы жағы да бар. Шын мәнінде сапалы өнім шығарып, нарықтағы бәсекені көтеруі де мүмкін. Мысалы, бір сұлулық саласының блогері жылдар бойы өз контентін жүргізіп сұлулық салондарын олардың косметикаларын зерттеп, сараптамалық контент жасап, біраз жылдарын жұмсап жүріп өз брендин шығарды. Ол өнімдерін зертханаларда сынақтан өткізіп, құрамын ашық көрсетіп, бағасын шамадан тыс көтермей, нарықта адал кәсіпкер ретінде танылды. Оның бренді қазір тіпті мықты деген косметика дүкен сөрелеріне де шықты. Сонымен қатар, бұл құбылыс «көрінбейтін өндіріс» индустриясының да дамуына себеп болуда. Контрактілік зауыттар, коворкинг-зертханалар, жеке кәсіпкерлерге арналған шағын өндіріс орындары көбеюде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнеля ЖАНБОТЫРОВА,
маркетинг маманы:

Өнім емес – маркетинг сатады

Бұл салада бірнеше блогермен тығыз жұмыс істеген тәжірибем бар, сондықтан қазіргі тенденцияны жақсы білемін. Соңғы жылда блогерлердің өз өнімдерін шығару бағытындағы сұраныс ерекше артты. Бұрын олар жарнама жасап қана табыс тапса, қазір аудиториясын пайдалана отырып жеке бренд құруды тиімді жол ретінде көруде. Әсіресе, сұлулық, күтім, wellness және fashion бағыттарында блогерлер белсенді. Нарыққа шығып жатқан жаңа брендтердің кем дегенде жартысына жуығы – дәл осы инфлюенсерлердің өнімдері.

Жалпы, мұндай жобалардың табысы өнімнің сапасынан бұрын маркетингтік стратегияға байланысты болады. Өйткені, блогердің ең үлкен капиталы – оның аудиториясының сенімі мен эмоционалдық байланысы. Егер кампания дұрыс басталса, бәрі соған еріп кетеді. Мысалы, біз жұмыс істеген кей жобаларда блогер бір ай бойы «жасырын жоба» жайлы шағын ғана тизерлер салып, оқырманын қызықтырып отырды. Соның өзінде адамдар пікір қалдырып, «Не шығарасыз?» деп күтіп жүрді. Ал ресми таныстырылым кезінде өнім бірнеше сағатта түгел сатылып кетті. Бұл – маркетингтің дұрыс құрылғанының айқын дәлелі.

Кей жағдайда блогердің өзі өнімді толық түсінбесе де, storytelling дұрыс жасалса, аудитория соған сеніп, сатып алуға дайын болады. Сондықтан менің тәжірибемде ең бірінші жасалатын жұмыс – блогердің имиджі мен өнімнің ерекшелігін дұрыс қиыстыру. Бір блогер «табиғи өнімді қолдаймын» деп айтса, біз оның брендіне экологиялық қаптама, табиғи ингредиенттер концепциясын қостық. Ал сәнге бағытталған блогер үшін визуал мен премиум атмосфераны күшейту арқылы аудиторияның «бұл сәнді» деген қабылдауына әсер еттік. Кей жобаларда маркетинг дұрыс жүргізілмесе, тіпті өте сапалы өнімнің өзі де өтпей қалуы мүмкін. Ал аудиториямен байланыс дұрыс орнатылғанда, қарапайым өнімнің өзі аз уақыт ішінде вирусқа айналып кетеді. Сондықтан бүгінде блогерлердің өнім шығару саласының басты қозғаушы күші – стратегия, коммуникация және дұрыс жоспарланған маркетинг. Аудиториямен байланыс болса, қалғаны өзінен-өзі жүреді. Кей өнімдердің қоймадан бірнеше күнде емес, бірнеше сағатта сатылып кетуі – осының ең үлкен дәлелі.

Сондықтан қазір блогерлердің өнім шығару тренді тоқтамайды деп ойлаймын. Әлі талай жаңа бренд, жаңа концепцияны көреміз. Өйткені, бұл салада аудитория бар жерде нарық та бар, ал нарық бар жерде маркетингтің күші бәрін шешеді.



МӘСЕЛЕ

ЕРЕКШЕ БАЛАҒА – ЕРЕКШЕ ҚОЛДАУ

Балаларға арналған түзету орталықтарын көбейту керек



Кейінгі жылдары аутизм мәселесі қоғамда көп талқы-ның тақырыбы болып келеді. Бұл психикалық даму бұзылысының қыр-сыры қоғамда көпшілікке әлі де беймәлім және кейбіреуі аутизмді тек ерекше мінез-құлық пен қарым-қатынасқа әсер ететін жағдай ретінде қабылдайды. Қазақстанда аутизм спектрі бұзылған балалар мен ересектердің саны артқан сайын, бұл мәселеге деген көзқарас та әртүрлі қалыптасып жатыр. Соның салдарынан, әсіресе, жасөспірімдер арасында әлеуметтік оқшаулану, теңсіздік және қолдаудың жетіспеушілігі сезіледі.

Дана
САДЫРҚАН13 мыңнан аса бала
есепте түр

Аутизм – бұл нейробиологиялық жағдай, яғни мидың құрылымында және қызметіндегі өзгешеліктер. Ол адамның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына, сөйлеу қабілетіне, қызығушылықтары мен мінез-құлқына әсер етеді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметінше, 2020 жылы әлемдегі әрбір 54-балаға аутизм диагнозы қойылды. Соңғы 4 жылда Қазақстанда аутизм спектрінің бұзылыстары бар балалар саны 3 есеге артқан, яғни 2020 жылдан 2024 жылға дейін 3660 баладан 11287 балаға дейін өскен. Ал биыл сәуірдегі жағдай бойынша АСБ бар 13 мыңнан аса бала есепте түр.

Аутизмнің пайда болу себептері нақтыланған жоқ. Дегенмен, генетикалық факторлардың әсер ету ықтималдығы жоғары. Мәселен, егер ата-ананың бірінде аутизм болса, генетикалық бейімділіктің берілуі де артады, бірақ тікелей тұқым қуаламайды. Кейбір зерттеулер көрсеткендей, токсиндердің әсері мен ластану сияқты қоршаған орта факторлары да аутизмге тікелей әсер етуі мүмкін. Иммундық жүйе туралы түсінік те қызығушылық тудырады. Өйткені, ғалымдар жүктілік кезінде ананың иммундық жүйесінің белсенді болуы немесе қабынуының мидың дамуына ықпал етеді деген болжам жасады.

Мәжіліс депутаты Екатерина Смолякова депутаттық сауалында аутизм диагнозы бар балалар үшін әр облыс орталығында ерте диагностика, қолдау және отбасы сүйемелдеу орталықтарын ашуды ұсынған еді. Оның айтуынша, елімізде барлығы 737 450 мүгедек адам болса, соның ішінде 144 094-і психикалық



функциялары бұзылған, олардың 17 028-і аутизм диагнозымен тіркелген.

«Қазақстанда «Асыл Мирас» қорының қолдауымен 13 түзету орталығы ашылды, оның 11-і мемлекеттік, екі орталық Алматы мен Астанада қор басқаруында жұмыс істейді. Бұл жеткіліксіз, өйткені осы орталықтарда 3000-нан астам бала оқып жатыр, тағы 3000-нан астамы кезекте тұр. Орталықтар тапшылығының себебінен жекеменшік орталықтар жоғары бағамен сапасыз қызметтер ұсынады, олар ата-аналардың балаға қамқорлығын пайдаланып, ақшаға кенелуде. Онда қанша маманның жұмыс істейтіні, әдістемелердің дұрыс қолданылып жатқаны белгісіз», – деді депутат мәжіліс отырысында.

Бұдан мәселенің төркіні аутизмді кеш анықтауда екенін аңғару қиын емес. Депутаттың сөзінше, аутизмнің алғашқы белгілері 6–12 айда көріне бастауы мүмкін, бірақ Қазақстанда диагноз ресми түрде 3–5 жас аралығында қойылады.

«Бұл балалардың болашағы күңгірт, тіпті түзету орталығынан сәтті өткеннің өзінде олар ересек болғанда қалай өмір сүретіні, қайда оқитыны, қандай мамандық алатыны, қайда жұмыс істейтіні – үлкен сұрақ», – деп мәлімдеді Екатерина Смолякова.

Аутизм түрлері

Классикалық аутизм. Аутизмнің ең жиі кездесетін бұл түрінде балалардың әлеуметтік

байланыс орнатуы қиындап, тіл дағдыларының дамуында үлкен кедергілер байқалады. Олар белгілі бір әрекеттерді жиі қайталап, күнделікті өмірдегі өзгерістерге аса сезімталдықпен қарайды.

Аспергер синдромы – аутизмнің жеңіл түрі. Бұл синдромдағы адамдардың ақыл-ой қабілеті қалыпты немесе жоғары деңгейде болады, бірақ әлеуметтік қатынаста және қоғамдағы түрлі эмоцияланы қабылдауда қиындықтар туындайды. Бір тақырыпқа ерекше қызығушылық танытып, сол салада терең білім жинайды.

Атиптік аутизм. Классикалық аутизм белгілері ерте жастан байқалса, атиптік аутизм әдетте бала 3 жастан асқанда байқалады.

Негізгі белгілері мынадай:

Әлеуметтік қарым-қатынаста қиындықтар: Адамдармен қарым-қатынас орнатуда, көз байланысын ұстауда немесе эмоцияларды түсінуде қиындықтар байқалады. Тілдің дамуындағы бұзылыстар: Бала кеш сөйлейді немесе сөйлеу қабілетінде ауытқулар байқалады.

Қайталап жасалатын әрекеттер: Әрекеттерді қайталау немесе шектеулі қызығушылықтар. Сезімталдықтың жоғарылауы: Жарық, дыбыс немесе басқа сезімдерге ерекше сезімталдықпен қарау.

Мемлекеттік қолдау

Аутизм диагнозы қойылған балаға және оның ата-анасының біріне мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындалады. Жеке оңалту бағдарламасы дайындалады. Ол әр балаға диагнозының деңгейіне қарай жасалады: жаялық, ортопедиялық аяқкиім және т.б. Мүгедектігі бар балаға тегін орталықтар қарастырылған. Ол жерде мамандар (логопед, дефектолог, психолог және т.б.) баламен оңалту жұмыстарын жүргізеді. Мектепке орналастыруға жолдамалар беріледі.

Елімізде АСБ бар балалар мен жасөспірімдерге амбулаториялық, стационарлық көмек ұйымдарының базасында тегін медициналық көмек көрсетіледі. Сондай-ақ, Қазақстанда 2015 жылдан бері «Асыл Мирас» аутизм орталығы тегін ем көрсетіп келеді. 10 қалада орталығы ашылған (Алматы, Астана, Қызылорда, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Шымкент, Петропавл, Қарағанды, Павлодар, Тараз). Онда 11 мыңнан астам бала толықтай тегін білікті көмек алды. Орталық АСБ-ны анықтауға және сөйлеу, тұрмыстық дағдылардағы кемшіліктерді жоюға бағытталған алты бағдарлама бойынша жұмыс істейді. «Асыл Мирас» орталықтарында әр бала жылына бір мәрте 3 айлық оқыту курсынан тегін өтеді. Егер кезек бойынша мүмкіндік туса, онда бірнеше рет тегін сабақтарға қатысады. Сондай-ақ, ата-анасына да оқу семинарлары арқылы консультативтік көмек көрсетіледі.

Қордың ақпаратына сәйкес, бүгінде ұйым өз жұмысында халықаралық ерте араласу стандарттарын және ғылыми дәлелденген әдістемелерді қолдануда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айнагүл ЕРЖІГІТ, логопед:

Сөйлеуді дамыту – ұзақ процесс

Аутизмді бар балалардағы сөйлеу және тіл дағдылары патологиямен байланысты. Мұндай жағдайда мидың белсенділігін ынталандыру керек. Мен аутизм диагнозындағы балаларға қолдау көрсетіп, маман ретінде түзету әдіс-тәсілдерін жүргізіп, түсіністікпен әрі оң көзқараспен қараймын. Олар көбінесе анық емес, түсініксіз сөздерді айтады. Егер түсіндіре алмаса, мимика, жест арқылы білдіреді. Әсіресе, өзіне не керек екенін басқаларға жеткізе алмаса, шыңғырып, ызаланып, агрессиялық мінез көрсетеді. Сөйлеу кезінде артикуляциялық жаттығуды орындай алмау, сөздік қордың аздығы, түсінбеу секілді қиындықтар байқалады.

Сөйлеуді дамыту – бұл өте ұзақ және мұқият процесс, оған асқан жауапкершілікпен қарау керек. Миды белсенді ынталандырып, сөйлеу тынысын және артикуляциялық аппаратты дамыту, сонымен қатар қол моторикасына және танымдық әрекеттеріне байланысты әдіс-тәсілдерді пайдалану, сезім мүшелерінің дамуына баса назар аудару баланың тезірек сөйлеуіне әсер етеді. Меніңше, мұндай жағдайлар қоршаған ортаның әсері мен әртүрлі инфекциялық аурудың генетикаға зақым келтіретіндігінен көбейеді.

Мадина РАСУЛ, ата-ана:

Қаражат қажет

Қызыма 2 жарым жасында невропатолог ЗПР диагнозын қойды. Кейін аутизм екені анықталды. Қарым-қатынастың мәнін түсінбейді, адамның көзіне, жан-жағына қарамайды, қатты дыбыс шықса, қаша жөнеледі. Емдеу үшін қаражат жағы қиын. Өйткені, қазір тұрмыстық қиын жағдайларға байланысты мамандардан да қол үзіп қалдық. Қызымның түсінігі қалыптасып, қоғамда өзіне лайықты орнын тапқанын қалаймын.



Суреттерді түсірген Саят СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Олардың қолжетімділігі АҚШ пен Еуропадағы зерттеулермен расталған. Бағдарламаға әлемдік деңгейдегі танымал АВА-терапиясы, JASPER, Денвер моделі (ESDM) және дағдарыс жағдайларын басқару әдістемесі (МСРР) секілді үлгілер енгізілген. Бұдан бөлек, Қазақстанда балалардың коммуникативтік және

әлеуметтік дағдыларын дамытуға арналған арнайы мобильді қосымшалар мен бағдарламалар әзірлейтін стартаптар мен жобалар жүзеге асырылуда. Заманауи терапия әдістері, мәселен сенсорлық интеграция мен нейрорпсихологиялық әсер бүлдіршіндерге қоғамда оңай бейімделуге көмектеседі.

ТҮЙІН:

Аутизм – тек медициналық немесе психологиялық проблема емес, бұл үлкен әлеуметтік мәселе. Қазақстанда аутизм туралы білімнің артқанын және мамандардың кәсіби деңгейінің көтерілгенін байқауға болады. Дегенмен, Қазақстанның әрбір азаматы аутизм тақырыбына тереңірек үңіліп, мұны қоғамда кеңінен талқылау арқылы, аутизмді бар адамдардың өмірін жақсартуға үлес қосу керек. Әрине, аталған мәселеге қатысты мемлекет тарапынан жасалып жатқан қадамдар мен бастамалар бар, бірақ толыққанды әлеуметтік интеграция мен оларға қажетті көмек көрсетілуі үшін қоғамның барлық деңгейінде бірлескен күш-жігер қажет.



ТАРИХТЫҢ ҰМЫТЫЛМАС ПАРАҒЫ

Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтары қойылды



Дана
САДЫРҚАН

Тәуелсіздік күніне орай Алматыдағы Республика алаңына жиналған жұрт ел тарихындағы ең қастерлі даталардың бірі – 16 желтоқсанды еске алып, Тәуелсіздік монументіне гүл шоқтарын қойды. Еске алу жиынына Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес пен Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылар, этно-мәдени бірлестіктердің өкілдері мен жастар қатысты. Бұл іс-шара – азаттық жолында жанын қиған боздақтарға тағзым етіп, ел еркіндігінің қадір-қасиетін ұғынуға бағытталған маңызды рухани сәттердің бірі.

«Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Нұрлыбек Қуанбаев 16 желтоқсанның тарихи мәніне арнайы тоқталды. Оның айтуынша, 1991 жылдың дәл осы күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, еліміз ресми түрде тәуелсіз мемлекет атанды.

– 16 желтоқсан – қазақ тарихындағы айтулы дата. Бұл күні бұлтартпас тарихи факт – Тәуелсіздік жарияланды. Ал 1986 жылғы 17-18 желтоқсан – көтеріліс болып, қан төгілген қаралы күндер. Осы екі датаның аражігін ажырата білуіміз керек, – деді ол.

Нұрлыбек Қуанбаевтың айтуынша, кейбір қоғам өкілі 16 желтоқсанды қан-төгіспен байланыстырып жатады. Алайда,

шын мәнінде, бұл күні адам шығыны болмаған. Тәуелсіздікке қазақ халқы бір күнде жеткен жоқ – тарихта азаттық үшін 300-ге жуық ірілі-ұсақ көтеріліс болған. Желтоқсан оқиғасы сол ұзақ күрестің шешуші кезеңдерінің бірі ретінде ел тәуелсіздігіне жол ашты.

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тікелей қатысушысы Кенжебай Отарбаев сол бір ауыр жылдардың шындығын жеткізді. Ол көтеріліске қатысқаны үшін қудаланып, алты жылға сотталғанын атап өтті. Бүгінде ол 1989 жылы құрылған «Желтоқсан» республикалық халықтық отаншылдық қозғалысы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

– Биыл Желтоқсан көтерілісіне 39 жыл толып отыр. Әрине, тәуелсіздік – біз үшін ұлы қуаныш. Бірақ бұл күн жүрегімізде қасіретпен де қатар жүреді. Арнамысын арқалап алаңға шыққан талай ұл-қыздарымыз құрбан болды. Бізде мынадай ұран бар: «Ар-намысым, қасі-

ретім, мақтанышым – Желтоқсан», – деді ол.

Кенжебай Отарбаев 1986 жылы Дінмұхамед Қонаевтың орнына қазақ елін, жерін білмейтін Геннадий Колбиннің тағайындауы халықтың, әсіресе, жастардың ашу-ызасын тудырғанын еске алды. Қазақ мектептерінің жабыла бастауы, ұлттық салт-дәстүрдің әлсіреуі – бәрі де көтерілістің негізгі себептерінің бірі болған.

Батырларымыздың көбі әлі күнге дейін кеңінен танылмай келеді. Себебі, идеология, жүйелі үгіт-насихат жетіспейді. Желтоқсан боздақтарын халыққа, әсіресе, жастарға таныту қажет. Соған қарамастан біз жас ұрпаққа сенеміз, – деді ол.

Республика алаңындағы бұл тағзым тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегенін, оның артында қаншама қайсар рух, құрбандық пен күрес жатқанын тағы бір мәрте еске салды. Тәуелсіздік – тек мереке емес, ол – ұлт алдындағы жауапкершілік және болашақ ұрпаққа аманат.

ЖЕЛТОҚСАН – ЕРКІНДІККЕ БАСТАҒАН ЖОЛ

Алматыда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбандарына арналған «Тәуелсіздік таңы» ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Іс-шараға қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов, зиялы қауым өкілдері мен Желтоқсан оқиғасының қатысушылары, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты.

Іс-шара барысында тәуелсіздік жолында жанын қиған боздақтардың рухына тағзым жасалып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды. Сонымен қатар, қала аудандарында арнайы ас беріліп, Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға құрмет көрсетілді.

Желтоқсаншы, «1986 жыл. Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақыт Байнияз ауыр кезеңді еске алғанда жүрегінің сыздайтынын жеткізді.

– Желтоқсанның басты мақсаты орындалды. Еліміз тәуелсіздік алды. 1986 жылғы 17–19 желтоқсан Қазақстан тарихындағы тағдырлы кезең болды. Сол жылы Кеңес Одағының шешімімен Қазақ елінің мүддесі ескерілмей, ұлтымыздың тілі, дәстүрі, намысы аяққа тапталды. Дінмұхамед Қонаев қызметінен алынып, Қазақстанға бұрын-соңды келмеген Геннадий Колбин бірінші хатшы болып тағайындалды. Осы әділетсіз шешім халықтың, әсіресе, жастардың наразылығын тудырып, оның соңы атышулы Желтоқсан оқиғасына ұласты.

Мен де жаспын, Алматы малдәрігерлік институтының 1-курсында оқып жүрген кезім еді. Алаңға ағылған жастардың қатарында мені де 18 желтоқсан күні ұстады, шамамен үш жылдай қудалауға түстім. Кейін Мұхтар Шаханов, марқұм Қадыр Мырза-Әлі бастаған комиссияның арқасында ақталып, оқуымды қайта жалғастыруға мүмкіндік алдым. 1994 жылы оқуымды тәмамдадым. Қазір дербес мемлекетпіз. Өз Туымыз, Елтаңбамыз, Әнұранымыз бар.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛДЫ.

Басқа мәселелер де кезекпен шешіледі деп ойлаймын. Жасыратыны жоқ, біздің кезімізде оқу да, күнделікті тұрмыс-тіршілік те орыс тілінде жүрді. Біз өз ойымызды ана тілімізде толық жеткізе алмай қиналатынбыз. Ал бүгін ше, барлығы өзгеріп келеді. Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен Желтоқсан құрбандарына арналған ескерткішке гүл қойып, бас муфти Құран бағыштады.

Дегенмен, менің жеке ұсынысым бар. Неге біз Желтоқсан қаһармандарын тек желтоқсан айындағы бірнеше күнде ғана еске аламыз. Оларды неге жыл бойы ұлықтамаcқа?! Мәселен, биыл Желтоқсанға 39 жыл толса да, әлі күнге мәртебесі толық берілді деп айта алмаймын. Желтоқсанды «көтеріліс» деп атаудан кейбіреулер әлі де

именеді. Алайда, 1993 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының №543 заңы бойынша Желтоқсанға қатысқандар ақталды, оқуына, жұмысына қайта оралды. Бірақ әлеуметтік және моральдық мәртебе мәселесі әлі де толық шешілген жоқ. Желтоқсан – тек Қазақстанның емес, сол кездегі Кеңес Одағы құрамындағы 15 республиканың тәуелсіздік алуына жол ашқан тарихи бастама. Қазақ жастары өз өмірін қатерге тігіп, ұлттың рухын, намысын, қайсарлығын бүкіл әлемге көрсетті. Біздің қоғамдық бірлестіктің төсбелгісінде Желтоқсан күні мен сол тарихи жыл бейнеленген. Ондағы мақсатымыз – бұл оқиғаның ұмытылмауы, жастарға үлгі болуы. Біз үшін ең қымбат құндылық – тәуелсіздік, – деді Бақыт Байнияз.

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Дана БОЛАТҚЫЗЫ



ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

«Анаға құрмет» музейінде мазмұнды іс-шара өтті



«Сыйынатын болса өмірде құдірет,
Сыйынар ем, АНА деген тәңірге...».

А.Шамкенов.

Ұрпаққа ізгі өнеге дарытқан ана-ларға арналған республикалық маңызы бар «Анаға құрмет» музейінде тағылымды терең тағы бір іс-шара өтті. Суретші, журналист, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жанұзақ Мүсәпірдің «Ана – ғұмырдың бояулы жалғасы» атты көрмесі көпшілікке ұсынылды. Суретшінің бастамасымен ашылған галерея қабырғаларына Жанұзақ Керімбекұлының қылқаламынан туған аналар портреті, айшықты суреттері қойылған.



Нұрлан
СҮЙІН

Рухани мәні зор басқосуға Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаев, Мәжіліс депутаты Керімбек Болат, Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, Жетісу облысының Мәдениет басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов, сондай-ақ Сәт Тоқпақбаев, Сайлау Батыршаұлы, Омархан Өксікбаев, Ләззат Сүлеймен, Сәуле Досжан, Алик Шпекбаев және Нұржан Жалауқызы сынды

елімізге белгілі қоғам және мәдениет қайраткерлері, өнер мен БАҚ өкілдері қатысты.

Тағылымды іс-шара Жанұзақ Керімбекұлының аяулы анасы, қадірменді тұлға Ұлжамал Мамытқызының 100 жылдық мерейтойына арналған. Ұрпағына ізгі құндылығын дарытып, ел-жұртының алқауына, қормалына айналған Ұлжамал ана кезінде колхоз құрылысында еңбек етіп, мемлекеттік марапаттарға ие болған. Кеш барысында суретші қажырлы да қайсар ананың портретімен бірге анасының көзіндей болған жеке заттарын музей қорына салтанатты түрде табыс етті.

Салтанатты іс-шарада сөз алған Сенат депутаты Ғалиасқар Сарыбаев өнерсүйер қауымға Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевтың жүрекжарды құттықтауын жеткізді. Мәулен Сағатханұлы Жанұзақ Керімбекұлының кезекті игі бастамасымен құттықтай келіп: «Шығармаңыз арқылы қазақ әйелінің қайсарлығын, парасатын, табандылығын дәріптеуде және аналардың отбасы мен ұлт алдындағы ролін ұлықтауға үлкен үлес қостыңыз. Қалың оқырманға жол тартқан «Өмір сыры» кітабыңыз – осы бағыттағы ұзақ жылғы ізденістің нәтижесі. Бұл еңбек қоғамда рухани құндылықтарды одан әрі жалғастыруға оң септігін тигізеді деп сенеміз. Кітаптың тағылымға толы терең мазмұны тұлға ретінде өсуге және ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілікті сезінуге тың серпін береді», – деген өзінің құттықтау хатында.

Осыдан кейін рухани басқосу тағы бір мазмұнды рәсімге ауысты. Елге белгілі тұлғалардың қатысуымен Жанұзақ Мүсәпірдің

«Өмір сыры» атты жаңа еңбегінің тұсауы кесілді. Оқырманға жол тартқан жаңа еңбектің тұсауын Халық қаһарманы, ардагер, генерал Сәт Тоқпақбаев кесіп, жылы лебізін білдірді. Құрметті қонақтар қос саланы қатар алып жүрген суретші-журналистке шығармашылық табыстар тіледі. Аталған еңбегінде Жанұзақ Керімбекұлы өміріне шырақ болып жағылған ардақты ананың өнегесі мен өзінің шығармашылық жолының сан соқпақты бел-белестерін қатар суреттеген. Кітапта автор өз өмір белестерін баяндау арқылы ұлттық тәрбиені, ата-ананы ардақтау сияқты құндылықтарды көрсеткен. Кеш қонақтары Жанұзақ Керімбекұлының кезекті кітабы ізгі құндылықтарды ардақтауда оқырманға сүбелі ой ұсына алатынын баса белгіледі. Жиынға қатысушылар ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Жанұзақ Мүсәпірдің өмірі мен шығармашылығы турасында кеңінен әңгіме өрбітіп, суретшінің айтулы туындыларына шолу жасады. Әрі оның өнер мен еңбек жолының кейінгі буынға мол өнеге бере алатынын алға тартты.

«Өмір сыры» кітабында суретші һәм журналист Жанұзақ Керімбекұлының жүріп өткен жолы өмір мектебі ретінде суреттелген. Оның сонау алпысыншы-жетпісінші жылдардағы балалық шағы, мектеп оқушысы кезеңі, студенттік шақ, бәрі де үлкен творчестволық биікке ұмтылыс жолы іспетті. Әрине, бұл ұзақ жолы тақтайдай тегіс емес еді, өзінің бұраландары бар, соқтықпалы соқпақ еді. Ал шығармашылық жолы да өзіндік мол бейнетімен бірге есте қалды. Бір

ғана мысал, әл-Фарабидің шынайы бейнесін сомдау үшін данышпанның ізімен Шам жұртына әлденеше рет сапар шеккені бар. Сол ұзақ сапарларының нәтижесінде «Балалықтан даналыққа» сериялы картина жасалып, жұмыс ҚР Мемлекеттік сыйлығына жеткізген-ді. Бұған қоса, ол ЮНЕСКО, РФ мен ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Журналистер және ҚР Көркемсурет академиясының академигі, Алматы облысының Құрметті азаматы ретінде елінің алқауына бөленген азамат.

Жанұзақ Керімбекұлы іс-шарада өзінің тебіреністі көңілін де жасырмады: «Біздің осындай ұлы мерекені тойлауымыз, шығармашылық жұмыспен айналысуымыз, еліміздің болашағынан үлкен үміт күтуіміз, сый-құрметке бөленуіміздің барлығы да Тәуелсіздігіміздің арқасы деп есептеймін. Алатаудың етегінде тамаша жерде орналасқан музейге талай жерді аралап келген «Менің анам – Ұлжамал» атты портретті сыйға тартып отырмын. Ондағы мақсат – біріншіден, музей қорын байыту, екіншіден, ертеңгі ұрпақ ата-бабаларымыздың бейнелеу өнері саласындағы классикалық бейнесін осы картина арқылы көріп, ұғынар деген ойдамын. Сонымен қатар, өнерде екі тізгінді тең ұстап келемін. Соның бірі – алдымен суретші болсам дегенім, одан кейін журналистика саласында 30 жылдан аса еңбегімнің бар екені белгілі. «Өмір сыры» атты отбасылық құндылықты арқау еткен кітабым әкем мен анамның өнегелі өмірі мен өсиеті туралы сыр шертеді», – деді кеш иесі.

ЖАС ЧЕМПИОНДАР ҚАЛАСЫ

Алматы студенттік спорттың жаңа орталығына айнала ма?

Алматы алдағы жылдары студенттік спорттың жаңа орталығына айналуы мүмкін. Қала 2026 жылы студенттер арасындағы бокс бойынша әлем чемпионатын өткізуге алдын ала келісім алды. Бұл туралы Қазақстанның Ұлттық студенттік спорт одағының президенті Қайрат Закирьянов баспасөз мәслихатында мәлімдеді. Оның айтуынша, шешім 28 қарашада Макаода өткен Азиаттық университеттік спорт федерациясының Бас ассамблеясында қабылданған.



Ернұр
РЫСБАЙ

Қайрат Закирьяновтың айтуынша, Макаодағы кездесуде халықаралық студенттік спортты дамыту, өңірлік серіктестік стратегиясы және Орталық Азияда жаңа жобаларды ілгерілету мәселелері жан-жақты талқыланды.



– 2026 жылы Қазақстанда студенттер арасындағы бокс әлем чемпионатын өткізу жөнінде ұсыныс білдірдім. Бастамамыз бірден қолдау тапты. Бұл – халықаралық уни-

верситеттік спорт ұйымдарының елімізге деген үлкен сенімі, – деді ол.

FISU президенті Леонц Эдер де Алматының әлеуетіне ерекше тоқталғаны туралы

Қайрат Закирьянов жеткізді. «Қазақстан ірі халықаралық жарыстарды ұйымдастыруда үлкен тәжірибеге ие. 2017 жылы Алматыда өткен Қысқы Универсиада елдің имиджіне зор әсер еткені әлі есімізде. Ол студенттік ойындардың бүкіл тарихында ең үздігі деп танылды», – деді ол.

Қайрат Закирьянов сондай-ақ WORLD Boxing ұйымының бұл бастамаға ресми қолдау көрсететінін атап өтті. Белгілі қазақстандық спортшы Геннадий Головкин жақында осы ұйымның басшысы болып тағайындалған еді. Бұл чемпионаттың мәртебесін арттырып, жарыстың халықаралық деңгейдегі ықпалын күшейтеді деп күтілуде.

Баспасөз мәслихаты барысында тағы бір маңызды мәселе қозғалды – 2029 жылғы Дүниежүзілік қысқы Универсиаданы Қазақстанда өткізу мүмкіндігі.

– FISU бұл тақырыпты да көтерді. Бізде Универсиаданы жоғары деңгейде өткізу үшін барлық алғышарттар бар, – деді Қайрат Закирьянов.

Алматының 2026 жылғы студенттер арасындағы бокс әлем чемпионатын қабылдауы – тек ірі спорттық іс-шара емес, халықаралық сенім мен ел имиджін нығайту жолындағы үлкен қадам. Егер 2029 жылғы Қысқы Универсиада да Қазақстанға берілсе, еліміздің студенттік спорттағы рөлі жаңа деңгейге көтерілуі мүмкін.



ӨЗ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ –

мемлекеттік қызметтің сапасын арттырудың тиімді жолы

Қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметтердің сапасы әрбір азаматтың өмірінде маңызды рөл атқарады. Алайда, белгіленген тәртіп пен заңнама нормаларына қарамастан, мемлекеттік қызметтер әрдайым уақытында, толық көлемде және сапалы көрсетіле бермейді. Қызмет алушылардың құқықтарының бұзылуы – кең таралған құбылыс, бірақ көбінесе тиісті деңгейде назар аударылмай қалады. Осыған қарамастан әрбір азаматтың өз құқықтарын қорғауға және әділдікке қол жеткізуге мүмкіндігі бар.

Көбіне қандай құқықтар бұзылады?

1. Мемлекеттік қызметтерді уақытылы көрсетпеу – құжаттарды беру, анықтамаларды ұсыну, рәсімдерді жүргізу барысында кідірістердің болуы;

2. Мемлекеттік қызмет көрсетуден заңды негізсіз бас тарту.

3. Қызмет көрсету сапасының төмендігі – ақпараттың толық берілмеуі, дерекілік, өтініштерді елемей.

4. Шағымдарды қарау мерзімдерінің сақталмауы.

Маңызы неде?

Өз құқықтарын қорғау – бұл тек әділдікке қол жеткізу ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғам үшін мемлекеттік қызметтердің сапасын жақсартудың тиімді жолы. Әрбір негізделген талап пен әрбір өтініш жүйелі

мәселелерді анықтауға және мемлекеттік қызмет көрсететін мекемелердің жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасы азаматтарға қолдау қызметіне жүгінуден бастап уәкілетті органға шағым беруге дейін өз мүдделерін қорғаудың кең мүмкіндіктерін ұсынады.

Алматы қаласы бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Департаменті мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылауды және заңнаманың сақталуын жүйелі түрде күшейтіп келеді. Түскен өтініштерді талдау көрсеткендей, уәкілетті органның дер кезінде араласуы азаматтардың бұзылған құқықтарын тиімді қалпына келтіруге және мемлекеттік органдардың қызмет нәтижелері үшін жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Департаментке келіп түскен әрбір өтініш мұқият және объективті түрде қаралады. Шағымдар тексеру жүргізу үшін тиісті құзыретті органдарға жолданады, ал анықталған

құқықбұзушылықтар тәртіптік шара қолдануға, нұсқама енгізуге және басқарушылық процестерді түзетуге негіз болады.

Тәжірибе көрсеткендей, сотқа дейінгі шағымдану механизмі азаматтардың құқығын қорғаудың маңызды құралы болып қала береді және сот органдарына жүгінбей-ақ, құқық бұзушылықтарды уақытылы жоюға мүмкіндік береді.

Шағымдар мен нәтижелер

Мысалдардың бірі – қызмет алушы **Б.Н.Жомарттың өтініші**. Ол ресми интернет-ресурстарда мектепке дейінгі ұйым туралы мәліметтердің дұрыс орналастырылмағанын хабарлаған. Жүргізілген тексеру электрондық жүйедегі деректердің толық еместігін анықтады. Қарау қорытындысы бойынша: мектепке дейінгі ұйымның жауапты тұлғаларына нұсқама енгізілді; сайттағы ақпарат толық жаңартылды; кінәлі қызметкерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Бұл жағдай техникалық сипаттағы кемшіліктердің өзі азаматтардың құқығына тікелей әсер ететінін және жедел әрекет етуді талап ететінін көрсетті.

2024-2025 жылдары түскен өтініштердің бірқатар бөлігі Алматы қаласының Қала құрылысын және сәулетті жоспарлау басқармасы көрсететін «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім беру» мемлекеттік

қызметіне қатысты болды. Айталық, **С.М.Жәнібековтің өтініші** бойынша тексеру нәтижелері негізсіз бас тартулардан бастап, регламентте көзделген рәсімдерден ауытқуларға дейін құқықбұзушылықтардың бар екенін көрсетті. Арызды қарау барысында негізсіз бас тарту фактілері, қызмет көрсету тәртібінің бұзылуы, заңнама талаптарының сақталмауы сынды жайттар анықталды. Ал тексеру қорытындысы бойынша: қызмет алушының құқықтары толық қалпына келтірілді; құзушылықтарды жою жөнінде Басқармаға міндетті нұсқама енгізілді; қызмет заңнама нормаларына толық сәйкес көрсетілді.

Сонымен қатар, **Н.А.Кокшееваның шағымы** бойынша, заңсыз бас тарту; құжаттарды қарау кезінде белгіленген рәсімдердің сақталмауы сынды жағдайлар анықталды. Департаменттің араласуы нәтижесінде мемлекеттік органның шешімі күшін жойылып, азаматтың құқықтары қалпына келтірілді. Сондай-ақ, жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту рәсімі заңға сәйкес жүргізілді.

Д.А.Ревшановтың өтініші бойынша тексеру барысында бас тартудың заңсыздығы, өтінішті қарау кезінде рәсімдік нормалардың бұзылуы сынды жағдайлар расталды. Қызмет алушының құқықтары қалпына келтірілді, ал алдағы уақытта осындай фактілерге жол бермеу мақсатында Басқармаға

ұсыныстар мен шаралар жолданды.

Тексеру материалдары көрсеткендей, бұзушылықтар көбіне регламенттердің сақталмауы, негізсіз бас тартулар және заңнама нормаларын дұрыс қолданбаумен байланысты; Департаменттің дер кезінде әрекет етуі қателіктерді жедел түзетуге, тәртіптік тәжірибені күшейтуге және мемлекеттік қызметтер көрсету процестерінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді; сотқа дейінгі шағымдану тетігінің тиімділігі нақты мысалдармен дәлелденді. Әрі аталған барлық қызмет алушылардың құқықтары толық көлемде қалпына келтірілді.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру – бұл тек мемлекеттің міндеті ғана емес, азаматтар мен жүйе арасындағы сенімнің негізі. Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана құрмет, адалдық және жауапкершілік қалыпты құндылықтарға айналатын орта құруға болады. Әрбір азамат сапалы мемлекеттік қызмет алуға құқылы және әркім осы құқықтарының орындалуына қол жеткізе алады.

М.М.ЖАҢБЫРШИЕВ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызметтер көрсету басқармасының басшысы.

АДАЛДЫҚ, АШЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ЗАҢДЫЛЫҚ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өзекті мәселе

Бүгінгі таңда әрбір азаматтың Бөмір сапасымен тікелей байланысты аса өзекті мәселе – бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және мемлекеттік қызметтің этикалық стандарттарын дамыту болып табылады. Сыбайлас жемқорлық қоғамның сенімін төмендетіп, экономиканың дамуын тежейді және мемлекеттік ресурстардың әділ бөлінуіне кедергі келтіреді. Сондықтан біздің міндетіміз – тек құқықбұзушылықтарға ден қою ғана емес, сондай-ақ және сыбайлас жемқорлыққа жол бермейтін мәдениетті қалыптастыру.

Бірінші бағыт – сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылық. Біз мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында және мемлекеттік қызмет саласында жүйелі жұмысты күшейтіп келеміз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жұмыстары адалдық, жауапкершілік, заңға құрмет сынды дұрыс құндылықтарын қалыптастыруға көмектеседі.

Бүгінде оқушылар мен студенттер парасаттылық негіздерін меңгереді, интерактивті тренингтерге қатысады, «Адал ұрпақ», «Адал білім», «Саналы ұрпақ» жобаларына белсенді түрде атсалысады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында балалар мен жастарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тану, қысымға «жоқ» деп айту және жеке жауапкершілік сезімін дамытуға бағытталған бағдарла-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

малар енгізілуде. Біздің мақсатымыз айқын: адалдық, ашықтық және заңдылық талап етілетін нәрсе емес, адамның өзіне табиғи өмірлік ұстанымға айналуы керек.

Екінші бағыт – мемлекеттік қызметшілердің этикалық стандарттары. Мемлекеттік қызметшінің мінез-құлық талаптары күшейтілуде. Этикалық кодекс – нақты жұмыс істейтін құрал. Ол мемлекеттік қызметші азаматтармен,

әріптестермен қарым-қатынас жасағанда, шешім қабылдағанда қалай әрекет етуі керектігін айқындайды.

Үшінші бағыт – алдын алу және нөлдік төзімділік мәдениеті. Біз сыбайлас жемқорлық үлкен парадан емес, ұсақ құқық бұзушылықтардан басталатынын түсіндіреміз: сыйлықтар, жеке қызметтер, қызметтік жағдайын пайдалану. Әрбір қызметкер мұндай әрекеттердің жауапкершілігін түсінуі және жеке

жауап беруі тиіс. Азаматтардың мүдделері бірінші орында тұрған мемлекеттік басқарудың адал, ашық және сервистік жүйесін құру ортақ мақсатымыз саналады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру және этикалық стандарттар – мемлекеттің сенімінің, дамуы мен тұрақтылығының негізі.

Қазіргі уақытта жұмыс мемлекеттік қызметшілер арасында парасаттылық мәдениетін дамыту; этикалық нормалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты тұрақты оқыту; ұжымдардағы моральдық ахуал үшін басшылардың жауапкершілігін арттыру; мемлекеттік органдардың жұмысында түсінікті және ашық регламенттерді енгізу сынды бағыттарда күшейтілуде.

Біздің әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесімізді қоса аламыз деп санаймыз: ұсақ-түйек нәрселерде адал болу, ашықтықты талап ету, әділ бастамаларды қолдау. Мұндай адамдар неғұрлым көп болса, ел соғұрлым күшті болады. Адалдық-сенімнің, дамудың және болашаққа деген сенімнің негізі.

Айдана НҰРМАҒАМБЕТОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы



Мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалады

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің департаментіне уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ретінде мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызмет туралы заңнама және қызметтік әдеп нормалары талаптарының сақталуын бақылау функциялары жүктелген.

Сонымен қатар, Департаменттің функцияларының бірі мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау болып табылады.

Талдау барысында Департамент Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен штаттық саны 59 бірлікті құрайтын екі Басқарманы біріктіру жолымен жаңа Басқарма құрылғанын анықтады.

Мемлекеттік органдарды қайта құру кезінде жаңа басқарманың 47 қызметкеріне жалақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол берілді, яғни қыркүйек айындағы жалақы 2025 жылғы 22 қазанда төленді, бұл заңнамада белгіленген мерзімнен 12 күнге артық.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» ҚР Заңының 9-бабы 9-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметшінің өзі атқаратын мемлекеттік лауазымына, жұмыс сапасына, тәжірибесіне және осы Заңда белгіленген өзге де негіздерге байланысты ынталандыруға және еңбекақы төлеуге құқығы бар.

Сондай-ақ, ҚР Еңбек кодексінің 113-бабының 1-тармағына сәйкес жалақы белгіленіп, келесі айдың бірінші онкүндігінен кешіктірмей, яғни келесі айдың 10-күнінен кешіктірмей айына бір реттен ҚР ұлттық валютасында ақшалай нысанда төленеді.

Сонымен қатар, ҚР Еңбек кодексінің 113-бабының 4-тармағына сәйкес жалақы төлеу мерзімдері бұзылған жағдайда, жұмыс беруші қызметкерге ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің 1,25 еселенген мөлшерінде төлемді кешіктіру кезеңі үшін берешек пен өсімпұл төлейді.

Талдау қорытындысы бойынша Басқармаға төлемді кешіктіру кезеңінде өсімпұл төлеу және бұдан әрі мұндай бұзушылықтарға жол бермеу арқылы мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру қажеттілігі туралы ұсыныс жіберілді.

Департаменттің ұсынымын орындау мақсатында жаңа Басқарманың 47 қызметкеріне жалақы бойынша берешек төленді, осыған байланысты мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қалпына келтірілді.

Шавкет Метхатұлы ТУРДУЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Алматы қаласы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау
басқармасының бас маманы.

ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Мемлекеттік органдардың қызметінде азаматтардың өтініштерін қарау жұмысы үлкен маңызға ие, себебі клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты құру тек мемлекеттік қызметшілер азаматтардың проблемалық мәселелерін мұқият қараған, заңнама талаптарын түсіндірген және бұзушылықтарды жоюға көмектескен жағдайда ғана мүмкін болады.

Практикада әлі де азаматтардың құқықтарын мен мүдделері бұзылатын жағдайлар кездеседі: мемлекеттік органдар өтініштерді қарау мерзімін негізсіз бұзады, мемлекеттік қызметтерді уақытында көрсетпейді, негізсіз бас тартады, бұл өз кезегінде халықтан шағымдардың түсуіне әкеледі.

Айта кету керек, Департаменттің қызметі азаматтардың құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған жұмысты сапалы ұйымдастыруға толықтай арналған. Осы мақсатта азаматтар-

ға өз сұраулары, өтініштері мен шағымдарын жолдауға мүмкіндік беретін «Telegram» желісінде арнайы платформа құрылды.

2025 жылы «Telegram» жүйесіне 409 өтініш түскен, оның ішінде 72 өтініш бойынша мәселелер оң шешімін тапқан, ал 337 өтінішке түсіндірме сипаттағы жауап берілген.

Мысалы, Департамент азамат Р.-ға «Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті көрсететін медициналық ұйымға тіркелу» мемлекеттік қызметін алу кезінде құқықтарын қалпына келтіруге көмек көрсетті. Атап айтқанда, азамат өз тұрғылықты жеріндегі поликлиникаға тіркелу үшін өтініш берген. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімі 1 жұмыс күні болғанына қарамастан, азаматқа бір апта күтуге тура келген.

Департаменттің араласуынан кейін поликлиникадағы бұзушылықтар жойылып, азаматқа мемлекеттік қызмет жедел көрсетілді.

Айбар АЙДОСҰЛЫ,
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер
басқармасының бас маманы.

тәртіпті нығайту, процестердің ашықтығын қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілік деңгейін арттыру.

2025 жылдың IV тоқсанының қорытындылары бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарында 35-тен астам мемлекеттік қызметшінің еңбек құқықтары қалпына келтірілді. Артық жұмыс уақытының орнын толтыру мақсатында оларға заңнамада көзделген демалыс сағаттары берілді, олардың жалпы көлемі шамамен, 260 сағатты құрады. Бұл нәтижелер мемлекеттік органдардың еңбек стандарттарының сақталуына және әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге ерекше мән беретінін көрсетеді.

Жұмыс уақыты режимінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша ішкі бақылауды, сыртқы бағалауды және профилактикалық жұмысты қамтитын іс-шаралар кешені Алматы қаласының мемлекеттік органдарындағы тәртіпті нығайтуға, тиімді еңбек ортасын қалыптастыруға және олардың қызметінің нәтижелілігін арттыруға ықпал етеді. Осы бағыттағы жүйелі жұмыс мемлекеттік басқарудың сапалы жүзеге асырылуының және әрбір мемлекеттік қызметшінің өз міндеттерін адал орындауының негізгі қағидаты болып саналады.

Аталған бағытта жұмыс жалғасатын болады.

Н.С.ӘУЕЗОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Алматы қаласы бойынша департаменті
Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау
басқармасының бас маманы.

МЕРИТОКРАТИЯ ҚАҒИДАТТАРЫ: ӘДІЛ ЖӘНЕ ТЕҢ КӨЗҚАРАС

Мемлекеттік қызметке меритократия қағидаттарына және мансаптық саты бойынша болжамды ілгерілеуге негізделген тағайындаулар тән елдер экономикалық өсудің жоғары қарқынымен байланысты. Тағайындау және жоғарылату мемлекеттік қызметтегі меритократия қағидаттарына негізделген кезде, бәріне әділ және тең көзқарас туралы айтуға болады.

Президент мемлекеттік қызметтегі кадрлық процестерді автоматтандыруға баса назар аударды. Бұл жаңалық артық бюрократия мен субъективті факторлардан арылуға көмектеседі, бұл мамандарды іріктеу мен насихаттауды ашық және әділ етеді. Автоматтандыру қызметкерлердің нақты жетістіктері мен көрсеткіштеріне негізделген шешімдер қабылдау үшін деректер мен технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Жаңа ережелерді атап өту керек және іріктеу процестерін белсенді түрде цифрландырады. Сонымен, портал арқылы e-Qyzmet.gov.kz үміткерлер конкурстарға онлайн-режимінде, орынға байланбай қатыса алады. Процедура объективті бола бастады: жүйе қатысушыларды нөмірлерді беру арқылы иесіздендіреді, ал тәуелсіз прокторинг әр ке-

зеңнің ашықтығын қамтамасыз етеді. Бұл меритократияның жарқын мысалы, үміткерлерді тек өз еңбегі мен кәсіби қасиеттері бойынша алға жылжытуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтегі меритократиялық принциптер мемлекеттік қызметшілердің уәждемесіне де айтарлықтай әсер етеді, ал дәлелді және сенімді Мемлекеттік қызмет мақсаттарға сәтті қол жеткізу және кәсіби мемлекеттік қызметтің тұрақты дамуы үшін үлкен маңызға ие болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес меритократия қағидаты мемлекеттік қызметті кәсібилендіруде түйінді болып табылады. Оны қолдану мемлекеттік қызметтің мансаптық және позициялық модельдерінде айтарлықтай айырмашылыққа ие. АҚШ, Канада, Финляндия, Жаңа Зеландия, Норвегия және Швейцарияның позициялық моделінде мемлекеттік және жеке секторлардағы құзыреттер мен тәжірибелерге баса назар аударылады. Франция, Германия, Италия, Мексика, Португалия және Испанияның мансаптық моделінде мемлекеттік қызметтегі жетістіктер мен жетістіктер маңызды. Ұлыбританияда, Нидерландыда және Бельгияда

жоғарыда аталған модельдердің ең жақсы құралдарының үйлесімі бар гибриді модель қолданылады.

Меритократия, сөзсіз, өзі анықтайтын игілікке ұқсайды: ол жақсы нәтижеге жету үшін әділ жүйені ұсынады. Мәселен, Алматы қаласында ағымдағы жылдың 9 айында жергілікті атқарушы органдарда тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 81%-ы меритократия бойынша мансап сатысы бойынша көтерілді.

Меритократия қоғамның барлық салаларындағы талантты және еңбекқор адамдарға алға жылжу құралы мен бүкіл қоғамның әл-ауқатына үлес қосу мүмкіндігін бере алады. Бұл әлеуметтік ұтқырлықтың қуатты құралы бола алады және адамдарды қолдан келгеннің бәрін жасауға және өз әлеуетін толық жүзеге асыруға шақырады. Сонымен қатар, ең жақсы және қабілетті ел басқарылатын ел басқаларға қарағанда жақсы басқарылатыны сөзсіз және мұндай қорытындыға негізделген дәлелдер бар.

Венера МУРЗАГЕЛЬДИНОВА,
Мемлекеттік қызмет
басқармасының басшысы,
ҚР Агенттігінің мемлекеттік
қызмет істері
Алматы қаласы бойынша
департаменті.

ЭТИКА ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛДЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ:

Заманауи ұйымдастырушылық
мәдениеттегі маңызы

Басқару процестерінің күрделенуі мен ашықтық пен жауапкершілік талаптарының артуы жағдайында әдеп жөніндегі уәкілдер институты корпоративтік және мемлекеттік басқару жүйесінің маңызды элементіне айналып келеді. Әдеп жөніндегі уәкіл – ұйымдағы жоғары мінез-құлық стандарттарын қалыптастыруға және сақтауға, даулы жағдайлардың алдын алуға, қызметкерлер, басшылық және сыртқы серіктестер арасындағы сенімді нығайтуға көмектесетін маман.

Әдеп жөніндегі уәкілдің негізгі міндеті – этикалық нормаларды сақтау формальдылық емес, корпоративтік мәдениеттің нақты бөлігіне айналатын ортаны қалыптастыру.

Сонымен қатар, әдеп жөніндегі уәкіл сыбайлас жемқорлық, кемсітушілік, мүдделер қақтығысы, ресурстарды тиімсіз пайдалану және өзге де теріс әрекеттердің алдын алуға ықпал етеді.

Әдеп жөніндегі уәкіл сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен этикалық мінез-құлыққа арналған оқыту іс-шаралары мен тренингтер ұйымдастырады.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша Департаменті басшысының орынбасары Нұржан Узбежановпен әдеп жөніндегі уәкілдердің үлгілік жоспарына сәйкес, а.ж. 10 желтоқсан күні мемлекеттік қызметке алғаш рет қабылданған азаматтармен төмендегі бағыттар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тыйымдар мен шектеулер;
- мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын сақтау;
- мүлкті сенімгерлік басқаруға беру тәртібі;
- ойын-сауық (құмар ойын) орындарын барудан бас тарту;
- діни көзқарастарды басқаларға таңбау;
- қоғамдық орындарда мас күйінде болдырмау;
- кемсітушілікке жол бермеу және басқа да талаптар.

Қазіргі жағдайда әдеп жөніндегі мамандардың рөлі артып, олар сенім, адалдық және жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру үдерісінің маңызды қатысушыларына айналады.

Н.УЗБЕХАНОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Алматы қаласы бойынша Департаменті
басшысының орынбасары.



Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтер көрсетуге арналған Жария шарт

Алматы қаласы	1.07. 2025 ж.
----------------------	----------------------

Бірлесе «Тараптар» деп аталатын, ал жекелей «Тарап» деп аталатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (энергиямен жабдықтаушы ұйым), БСН: 060640007336, атынан Жарғының негізінде әрекет ететін Бас директор А.Е.Рахимбетов бір тараптан және бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталатын, осы шарт негізінде жылу энергиясын, ыстық суды алатын және оларды тұрмыстық тұтыну үшін пайдаланатын тұрмыстық тұтынушы, екінші тараптан, төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады: есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушының Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемі; жылумен жабдықтау жүйесі – жылу тасымалдағышты өндіру, тасымалдау және пайдалануға арналған қондырғылар кешені;

жылу тұтыну қондырғылары – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу тасымалдағышты пайдалануға арналған құрылғылар кешені; жылу желісі – жылу энергиясын жылу энергиясының көздерінен жылуды тұтынатын қондырғыларға беру мақсатында жылу тасымалдағыштың ағынын тасымалдауға және реттеуге арналған құбырлар мен құрылғылардың (оның ішінде орталық жылу пункттері, сорғы станциялары) жүйесі; жылу тасымалдағыш – жылу энергиясын тасымалдау үшін пайдаланылатын сұйық немесе газ тәрізді зат (су, бу, ауа және басқа заттар);

жылу энергиясы – тұтынылуы жылу тасымалдағыштардың термодинамикалық параметрлерін өзгертетін тауар болып табылатын энергия ресурсы;

өлшеу құралдарын салыстырып тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

жеткізуші – сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын қондырғылардың және/немесе желінің баланстық тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын тараптардың жылу тұтынатын қондырғыларын және/немесе желілерін бөлетін нүкте (сызық), көппәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының (Элеватор) кіріс ысырмаларының бірінші бөлу ернемегі бойынша айқындалады;

теңгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісін бөлу нүктесі;

төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен жазып толтырған әрі оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

жылу энергиясын тұтынушы (бұдан әрі – тұтынушы) – «Жылу энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылу энергиясын өз тұтынуы және (немесе) одан әрі қосалқы тұтынушыға сату үшін сатып алатын жеке немесе заңды тұлға;

қосалқы тұтынушы – жылу желілері және (немесе) жылу тұтынатын қондырғылары тұтынушының жылу желілеріне қосылған тұтынушы;

уәкілетті органның ведомствосы – тиісті табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Жеткізуші Тұтынушыға үй-жайларды жылытуға және тұрмыстық қажеттіліктерге ыстық суды пайдалану үшін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің, стандарттарының және нормативтік-техникалық құжаттамасының қолданыстағы талаптарына сәйкес түрде оған қажет нормативтік шамалардағы, тиісті сападағы Тауарды жеткізуге міндеттенеді; ал Тұтынушы өзі қабылдаған Тауардың ақысын осы шартта белгіленген тәртіппен уақытылы төлеуге міндеттенеді.

Қажет болған жағдайда Шарт алдындағы міндетті талаптар Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді.

3. Жеткізуші Тұтынушыға энергия беруші ұйымдардың қосылған желісі арқылы жылу энергиясын беруге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Жеткізуші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Жеткізуші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

4. Жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт мазмұны тараптардың келісімі бойынша өзге де талап-шарттарды қамтуы мүмкін.

3–тарау. Тараптардың құқықтары, міндеттері және жауапкершіліктері

5. Тұтынушының келесідей құқықтары бар:

1) Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша сатып алуға;

2) Осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) Тараптардың келісімі бойынша кәсіпкерлік мақсат және тұрмыстық тұтыну үшін қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) Шартта айқындалған кәсіпкерлік мақсат үшін тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Жеткізушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) Жеткізушіден жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Жеткізушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып төлемі бойынша, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің төлемі бойынша қайта есептеуді талап етуге;

9) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) Жария тыңдауларға қатысуға;

11) Жеткізушіні хабардар еткен және Жеткізуші ұсынған қызмет көлемі бойынша толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Жеткізушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Жеткізушіге жазбаша хабарлап, біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

6. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Жеткізушіге есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жұмыс істеу жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шыққан болып есептеледі;

3) Пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Жеткізушіге апаттар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушы-лықтар туралы дереу хабарлауға;

4) Жоспарлы жөндеулер, апаттық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну құрылғы-ларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Жеткізуші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5) Желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтынатын құрылғыларға Жеткізушінің және Мемлекеттік энергия бақылау ұйымының өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзу кезінде есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Жеткізушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтері үшін борышын өтеуге міндетті.

7. Жеткізушінің келесідей құқықтары бар:

1) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылардың сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды салыстырып тексеруді ұйымдастыруға;

3) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) Уәкілетті орган бекіткен тәртіпте тарифтердің қолданылуы кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқылы.

8. Жеткізуші:

1) Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

3) Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін төлемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) Жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

5) Жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) Тұтынушыға өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар белгілеген сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жылу энергиясын өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

7) Жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына қайта есептеу жүргізуге және жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бақылауды жүргізуге, жылу энергиясының сапасы бұзылуының алдын алу және оны жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға;

9) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеу жасауға;

10) Осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

11) Есепке алу аспабының істен шығуы Тұтынушының кінәсінен болмаған жағдайда, жылу энергиясы есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

12 Тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда Тұтынушы үшін жылу энергиясымен жабдықтау тарифтерін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өнідіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) Тұтынушы өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін жазып алуға не энергия беруші ұйым өкілдерінің қатысуымен көрсеткіштерді жазып алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштері қашықтықтан жазып алуды қамтамасыз етуге міндетті.

9. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

10. Төлем мерзімі келген уақытта шоттағы төлемақыны төлемегені үшін, Жеткізуші Тұтынушының төлемеген сомасына қатысты айыпақы өндіріп алуға құқылы – төлемді кешіктірген әрбір күн үшін Тұтынушы ақшалай міндеттемені іс жүзінде орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берілген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселенген мөлшерінде, бірақ негізгі борыш сомасынан артық емес мөлшерде.

11. Айыпақы (тұрақсыздық айыбы) мөлшері Шарт жасалған кезде белгіленеді. Айыпақыны есептеу мерзімі, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күнінен басталады.

12. Егер Жеткізушінің Тұтынушыға жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтерді көрсете алмауы Жеткізушімен шарттық қарым-қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінен туындаса, Тұтынушы алдында Жеткізуші жауапты болады.

Айыпақыны (тұрақсыздық айыбы) төлеу тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

4-тарау. Жеткізілетін жылу энергиясының сапасы мен көлемі

13. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативті-техникалық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) белгілене отырып Жеткізушінің диспетчерлік қызметінің журналында тіркеліп, одан кейін жылу энергиясын беруді қажетті (тиісті) сапада қайта қалпына келтіру уақыты (күні, сағаты) белгіленуі тиіс.

14. Жылу энергиясын беруде үзіліс болған жағдайда немесе сапасыз жылу энергиясы берілген жағдайда Тұтынушы бұл туралы өзі Жеткізушіге (өтінімімен) немесе телефонхатпен – оның берілген уақытын, күнін және оны



берген және қабылдаған тұлғаның аты-жөнін міндетті түрде көрсете отырып хабарлайды. Телефонхатта мыналар көрсетіледі: тауардың (болмауының) сапасының нашарлауының басталу уақыты, нашарлау сипаты және Жеткізуші өкілінің қатысу қажеттілігі (егер Жеткізуші тарапынан болған жылу энергиясының сапасының нашарлауы немесе оны берудің үзілісі журналда тіркелмесе).

Тұтынушы өтінішті (өтінімді) өзі табыстаған жайтта, ол өтінімнің көшірмесі болуы қажет, онда оның қабылдануы кезіндегі тіркеу нөмірі, өтінімнің берілген күні мен уақыты жазылып, оны қабылдаған Жеткізуші өкілінің қолы қойылуы тиіс. Егер жылумен жабдықтау тоқтатылса, өтінім дереу берілуі керек; егер параметрлер нашарласа, өтінім аталған ауытқу басталғаннан кейін 24 сағаттан кешіктірмей берілуі керек.

Өтінімде (телефонхатта) көрсетілген тауардың сапасының ауытқуы, оны Тұтынушыларға жеткізудегі үзілістер туралы журналдағы жазбаларды Жеткізуші салыстырып тексереді және келіспеушіліктер болмаса, параметрлердің есептік параметрлерден орташа тәуліктік ауытқуы негізінде оның нақты тұтынылуына сәйкес тауардың құнын қайта есептейді.

15. Жеткізуші жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауарды (жылу энергиясын) беру фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда, Тұтынушы мыналарды көрсете отырып, жазбаша мәлімдеме-шағымды рәсімдеуге құқылы:

- Тауарды беруден бас тарту (ажырату) немесе оны сапасыз түрде жеткізудің басталу уақыты;
- тауар сапасының нашарлау сипаты;
- өтінімді беру уақыты және оны тіркеу нөмірі (Жеткізуші журналы бойынша);
- жылу энергиясын беруді қалпына келтіру (немесе оның сапасын қалыпқа келтіру) уақыты;
- тауардың болмаған (немесе сапасының нашарлауы) кезеңі.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу жүйесіне жауапты тұлға және екі тәуелсіз куәгер қол қойып, Жеткізушіге жіберіледі. Егер дау шешілмесе, Тұтынушы атом энергиясын және электр энергиясын пайдалану салаларында басшылық жасайтын органдарға шағымдануға немесе сотқа талап-арыз беруге құқылы.

5-тауар. Жылу энергиясын беру және тұтыну режимі

16. Жеткізуші, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды үздіксіз түрде іс жүзінде асырады.

17. Тұтынушының жүктемені және тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін Шартта көрсетілгеннен асатын, бірақ мәлімделген және алынған техникалық шарттарда тіркелген жобалық шамалардан аспайтындай түрде арттыруына – тұтынушының өтінімі бойынша – Жеткізушінің рұқсатымен жол беріледі және бұл жағдайда Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

18. Тұтынушы Жеткізушіге Шартта көрсетілген талап-шарттар негізінде жылу энергиясын сату жөніндегі қызметтері үшін ақысын төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимін және осы Шартта көзделген басқа да шарттарды сақтауға міндеттенеді.

6-тауар. Тариф мөлшері

19. Жеткізушінің жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуді Тұтынушы Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді.

20. Жеткізушінің нақты көрсеткен жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеуді Тұтынушы есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес есеп айырысу айынан кейінгі айдың 25-інен кешіктірмей жүзеге асырады. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда, Тұтынушы осы Шарттың 43- тармағына сәйкес төлем жасайды.

21. Алдыңғы кезеңдер үшін берешек бар болса, төлем алдымен осы берешекті өтеуге бағытталады.

Егер Тұтынушы есеп айырысу кезеңіндегі нақты сомадан асатын соманы төлесе, осы асып кеткен сома автоматты түрде келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлемі ретінде есептеледі (немесе тараптардың келісімі негізінде – егер бар болса Тұтынушының Жеткізуші алдындағы басқа міндеттемелері бойынша берешегін өтеу үшін жұмсалады).

Егер Тұтынушы келесі есеп айырысу кезеңіне қатысты Жеткізушінің қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар қайтарылады.

22. Коммерциялық есепке алу аспаптарының дұрыс жұмыс істемеуі нәтижесінде және басқа жағдайларда төлем шоттарына түзетулер ендіру қажет болса, Тараптар келесі есеп айырысу кезеңдерінде төлем шоттарына түзетулер енгізеді.

23. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Жеткізушінің ағымдағы шотына қаражатты аудару Тұтынушының Жеткізушінің жылу энергиясын өткізу жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу бойынша міндеттемелерін орындауы болып танылады.

7-тауар. Сыртқы ауа температурасына тәуелді түрде жылу энергиясын жеткізудің кестесі

24. Берілетін жылу тасымалдағыштың температурасын – тұтынушының есепке алу торабындағы температуралық кестеге сәйкес – энергия тасымалдаушы немесе энергия өндіруші ұйым белгілейді.

25. Ыстық суда жылу энергиясын пайдалану және тұтынушының есепке алу торабында температуралық кестені сақтау кезінде тұтынушы – кесте бойынша оның мәнінен аспайтын температурасы бар – кері желілік суды қайтарады. Есепке алу аспабы жоқ тұтынушыларға шарттық көлемнен артық берілген жылу мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8-тауар. Тараптардың теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу шекаралары

26. Жылу энергиясын босатуды есепке алу, егер шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың теңгерімдік тиесілікті бөлу шекарасында жүзеге асырылады. Есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілікті бөлу шекарасынан бөтен жерге орналастырылған жайтта, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптарының орналасқан жеріне дейінгі желі учаскесіндегі шығындар оның теңгерімінде аталған желі учаскесі орналасқан мүлік иесіне қатысты болып табылады.

Жылу шығынын есептеуді немесе жылу шығынындарына қатысты сынауды энергия беруші ұйым Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

27. Тұтынушылардың меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің жабдықтарының техникалық жай-күйі және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілік шекарасы бойынша белгіленеді.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуы үшін жауапкершілік иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілік шекарасы бойынша белгіленеді.

Кондоминиум объектісін басқару органы жылу тұтынатын қондырғыларға өзінің күшімен немесе мамандандырылған ұйыммен келісім-шарт жасасуы негізінде қызмет көрсетуі мүмкін.

28. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым аталған кезеңдерге қатысты есепке алу аспаптары жоқ тұтынушыларға арналған жылумен жабдықтау жөніндегі тұтыну нормасы бойынша, бірақ оның ішінде есепке алу қалпына келтірілуі тиіс – бір айдан аспайтын мерзімге есептеулер жүргізеді.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаса, есеп айырысу тәртібі мен есепке алуды қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімі арқылы белгіленуі тиіс.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе бүлдірген жағдайда, егер Шартта өзгеше көзделмесе, олардың сақталуына жауапты тұлға бір ай ішінде есепке алу аспаптарын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптары қалпына келтірілгенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

9-тауар. Қосалқы тұтынушылар туралы деректер (олар бар болса):

29. Қосалқы тұтынушылар туралы деректер (олар бар болса):

- 1) жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 2) Т.А.Ө./ заңды тұлғаның атауы (лауазымы);
- 3) келесілер негізінде әрекет ететін;
- 4) объект мекенжайы;
- 5) жалпы жылытылатын аудан.

10-тауар. Шартты бұзу талаптары

30. Шартты бұзу, егер Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, өзге де заңнамалық актілерде және осы шартта өзгеше көзделмесе, тараптардың келісімі бойынша мүмкін болады.

31. Тараптардың бірінің өтініші бойынша шарт соттың шешімімен тоқтатылуы келесі жайттарда ғана мүмкін:

- 1) екінші тарап шартты елеулі түрде бұзған жағдайда;
 - 2) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, өзге де заңнамалық актілерде немесе осы шартта көзделген өзге де жағдайларда.
- Тараптардың бірінің шартты бұзуы, егер ол екінші тарапқа шарт жасасу кезінде (екінші тараптың) оған қол жеткіземін деп үміттенуге құқығы бар нәрседен елеулі түрде айырылатындай зиян келтірсе, елеулі деп танылады.

32. Шартты бұзу туралы келісім, егер заңда, шартта немесе іскерлік айналыс әдеттерінде өзгеше көзделмесе, шарт жасалған нысанда (формада) жасалады.

33. Шартты бұзу туралы талапты тарап екінші тараптың шартты бұзу туралы ұсыныстан бас тартуын алғаннан кейін не ұсыныста көрсетілген немесе заңда немесе шартта белгіленген мерзімде, ал ол болмаған жағдайда отыз күн ішінде жауап алмағаннан кейін ғана сотқа қуыну арызы түрінде бере алады.

34. Шарт бұзылған кезде тараптардың міндеттемелері тоқтатылады.

35. Шарт бұзылған жағдайда, егер тараптардың келісімінен өзгеше туындамаса, тараптар шартты бұзу туралы келісімге келген сәтінен бастап, ал шарт соттың ұйғарымымен бұзылған жағдайда – шартты бұзу туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезден бастап міндеттемелер тоқтатылды деп есептеледі.

36. Егер заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімінде өзгеше белгіленбесе, тараптардың шарт бұзылғанға дейін міндеттеме бойынша өз орындағандарын қайтаруды талап етуге құқығы жоқ.

37. Егер шартты бұзуға тараптардың бірінің шартты елеулі түрде бұзуы негіз болып табылса, екінші тарап шартты бұздан өзіне келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

38. Шартты орындаудан біржақты бас тартуға (шарттан бас тартуға) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, өзге де заңнамалық актілерде немесе тараптардың келісімінде көзделген жағдайларда жол беріледі.

11-тауар. Коммерциялық есепке алу аспаптарына қойылатын тиісті талаптарды қоса алғанда, есептілік және тұтынушыға төлем шоттарын табыстау әдісі

39. Тұтынушылардың жылуды тұтынатын қондырғылары жылу энергиясына қатысты есеп айырысу мақсатында қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын өз бетінше сатып алуға және орнатуға құқылы. Жеткізуші есепке алу аспаптарын сатып алған және орнатқан жағдайда, Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен жылу

энергиясын есепке алу аспабын сатып алуға және орнатуға қатысты тиісті шарт жасасады.

Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу тасымалдағыштың жылу энергиясын есепке алу тараптарының техникалық жағдайы нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес болуы керек.

40. Жылу энергиясын есепке алу үшін түрлері Өлшем бірлігін қамтамасыз ету мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте оларда салыстырып-тексеруге құқығы бар ұйымның бастапқы немесе мерзімдік салыстырып-тексеруі жөніндегі таңбасы болуы керек.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері Тұтынушының немесе оның өкілінің қатысуымен, ал қашықтан көрсеткіштерді жазып алу мүмкіндігіне ие есепке алу аспаптарын орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жазып алады.

Бұл ретте Тұтынушы есепке алу аспаптарының көрсеткіштерінің қағазға басып шығарылған нұсқасын немесе электронды нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінәсі бойынша есепке алу аспаптарынан көрсеткіштерді жазып алу мүмкін болмаған жағдайда, егер Тұтынушының өзі энергия беруші ұйымға өзі тұтынған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметті бермеген жағдайда, аталған кезеңге қатысты энергиямен жабдықтаушы ұйым нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептей отырып – өткен жылғы ұқсас саналатын кезеңдегі жылу энергиясының орташа тәуліктік шығыны бойынша есеп жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінен есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін жазып алудың мүмкін еместігі Жеткізушінің журналындағы тиісті жазбамен расталады.

41. Есептеу аспаптарын мерзімдік салыстырып-тексеруді, жөндеуді және оларға техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші ұйым немесе осы қызмет түріне рұқсаты бар басқа мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын салыстырып-тексеру, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүзеге асыру үшін мамандандырылған ұйымды дербес таңдауға құқылы.

42. Тараптар өз қаражаты есебінен теңгеріміндегі есепке алу аспаптарына метрологиялық салыстырып-тексеруді тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде жүргізеді.

Тараптар сұрау салушы тараптың қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қосымша салыстырып-тексерулерді жүргізуді талап ете алады.

43. Жеткізуші жеткізіп берген және Тұтынушы қабылдаған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша анықталады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаған жағдайда төлем мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелетін коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі бекіткен нормалар бойынша айқындалады және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

12-тауар. Дауларды сотқа дейінгі және сот арқылы реттеу тәртібі

44. Жылу энергиясын өткізу бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарт Тұтынушымен жеке тәртіпте жасалады.

45. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе бүтіндей Шартқа қатысты немесе Шарттың ережелеріне қатысты қандай да бір мәселеге немесе іс-әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені екінші Тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып кінәрат-талабын жолдауға құқылы.

Тараптар келіссөздер арқылы барлық дауларды реттеу үшін барлық күштерін жұмсайды.

46. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

47. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

48. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

49. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

13-тауар. Шарттың әрекет ету мерзімі

50. Шарт 2025 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге жасалған болып есептеледі.

14-тауар. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолтаңбалары

Жеткізуші:

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС
БСН 060640007336
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
Алматы қ.,
IBAN KZ036018861000191661
БСК HSBKКZKX
Алматы қ., Байзақов көш., 221-үй.
тел.: 341-07-00.

Бас директор А.Е.Рахимбетов

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМАЛАР КЕҢІНЕН ТАЛҚЫЛАНДЫ



NARXOZ университетінде «Құқықтық мемлекетті нығайтудағы конституциялық реформалар мен заңнамалық жаңғыртудың рөлі» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Халықаралық ғалымдар бас қосқан жиында келелі мәселелер талқыға салынып, конституциялық реформалар мен заңнамалық жаңғыртулар жоғары деңгейде талданды. Ұйымдастырушысы – NARXOZ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің директоры, заң ғылымының докторы, профессор Талғат Сәрсенбаев жүргізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Конференция жұмысына заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің өкілдері, қоғамдық, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдар, құқық саласының сарапшылары, Польша, Ресей Федерациясы, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінен келген жетекші ғалымдар мен тәжірибелі мамандар қатысты.

Конференция аясында NARXOZ университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің криминалистикалық оқу полигоны таныстырылды.

Іс-шара барысында конституционализм, заң үстемдігі және жария билік институттары, мемлекеттік және сот жүйелерін жетілдіру, тиімділік пен есептілік қағидаттары, адам құқықтарын қамтамасыз ету, құқықтық кепілдіктер мен әлеуметтік институттардың қызметі, мемлекеттік басқаруды цифрландыру үдерістері және азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктері, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен оларды ұлттық құқықтық жүйеге енгізу ерекшеліктері талқыланды.

Парламенттік реформаны жүргізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры, заң ғылымының докторы, профессор Еркін Дүйсеновтің баяндамасында жүргізіліп жатқан Парламенттік реформа аясында конституциялық нормаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің ректоры Нұрлан Дулатбековтің баяндамасы тұңғыш қазақ

заңгері, ғалым, заң ғылымының кандидаты Тайыр Күлтөлеевтің ғылыми мұрасына арналды.

Заң ғылымының докторы, профессор Қабдулсамих Айтхожин өз баяндамасында қазақстандық қоғамды саяси жаңғыртудың құрамдас бөлігі ретіндегі құқықтық реформа үдерісіне тоқталды. Айта кету керек, Қабдулсамих Айтхожин Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшесі.

Ал заң ғылымының докторы, профессор Алуа Ибраеваның баяндамасында құқықтық мемлекет қалыптастырудағы құқықтық білім мен құқықтық мәдениеттің рөлі айрықша аталып өтті. Профессор құқықтық білім – бұл құқықтық білімдерді меңгеру және оларды тәжірибеде қолданудағыларын қалыптастыру жүйесі екеніне тоқталды.

– Қазақстанда үздіксіз құқықтық білім беру жүйесі қалыптасқан. Мектептің 9–11-сыныптарында «Құқық негіздері» пәні оқытылады, жоғары білім беру жүйесінде де құқықтық білім негіздері қарастырылған. Әсіресе, кәсіби заңгерлерді даярлауға айрықша көңіл бөлінуі тиіс. Жақында 2025–2030 жылдарға арналған қоғамда «Заң және тәртіп» идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасы қабылданды. Бұл құжатта құқықтық мәдениетті дамыту мәселелері маңызды орын алады. Парламенттік реформаны іске асыру қоғамның барлық салаларында құқықтық ағартушылық жұмысты тұрақты жүргізуді талап етеді, – дейді Алуа Ибраева.

ҚР Әділет министрлігіне қарасты Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры, заң ғылымының докторы, профессор Индира Аубакированың баяндамасы «Цифрлы Қазақстан» стратегия-

лық бағыты аясында конституциялық құндылықтарды зерделеуге арналды. Индира Аубакирова Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының мүшесі.

«Тұран» университеті Жоғары құқық мектебінің профессоры, заң ғылымының докторы Лейла Жанұзақова өз баяндамасында мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру мәселелерін қарастырыпты. Сондай-ақ, ол құқықтық актілер туралы заңды жетілдіру, құқық нормаларын түсіндіру, нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындаудың заң техникасы мәселелеріне тоқталды.

Халықаралық «Астана» университеті Қылмыстық-құқықтық және қылмыстық-процестік мәселелерін зерттеу институтының директоры, заң ғылымының докторы, профессор Исидор Борчашвилидің онлайн түрде жасаған «Заң және тәртіп» идеологиясындағы конституциялық нормаларды іске асыру» тақырыбындағы баяндамасы да үлкен қызығушылық туырды.

НАО «Торайғыров университеті» «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының докторы, профессор Серік Жетпісов «Цифрлық дәуірдегі конституциялық құндылықтарды іске асыру: дербес деректер саласындағы заңнамалық жаңғырту – мемлекетке деген сенімді нығайтудың факторы» тақырыбында баяндама жасады.

Конференцияға шетелдік жетекші ғалымдар да қатысты. Ресей Федерациясы Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтының бас ғылыми қызметкері, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, заң ғылымының докторы, профессор Олег Зайцев баяндамасында конституциялық реформалардың мемлекеттің қылмыстық саясатына әсері қарастырылып, қылмыстық нормалардың превентивтік сипатына басымдық беру қажеттігі атап өтілді.

Қырғыз ұлттық университетінің (Ж.Баласағын атындағы) Заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор Кынатбек Сманалиев «Құқықтық мемлекетті нығайтудың құралы ретіндегі конституциялық реформалар» тақырыбында баяндама жасап, Қырғызстандағы конституциялық реформалардың нәтижелеріне жан-жақты талдау жүргізді.

Польша Республикасындағы Зеленогура университетінің Құқықтық және экономикалық ғылымдар факультетінің деканы, хабилиттелген доктор, профессор Анджей Биштыга ондайн түрде «Парламенттің екінші палатасы: Польша тәжірибесі» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама Польша Республикасының жоғарғы өкілді және заң шығарушы органы – екі палаталы Парламенттің қызметіне арналды. Ол Сейм (460 депутат) мен Сенаттан (100 сенатор) тұрады, өкілеттік мерзімі – 4 жыл.

Мәскеу қаласындағы А.С.Грибоедов атындағы университеттің ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар

жөніндегі проректоры, заң ғылымының докторы, профессор Алексей Автономов онлайн баяндамасы конституциялық нормалардағы олқылықтар мәселесіне арналды.

Ташкент мемлекеттік заң университетінің профессоры, заң ғылымының докторы Хуршида Абзалова онлайн түрде Өзбекстан Республикасының қылмыстық заңнамасын реформалау тақырыбында баяндама жасап, заңнамадағы жаңашылдықтарды талдады.

NARXOZ университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, заң ғылымының докторы Гүлнар Алибаева Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі цифрлық реформалар тақырыбында баяндама жасады. Ол мемлекеттік қызметтерді цифрландырудың оң нәтижелерін атап өтіп, атқарушы билік жүйесінде туындап отырған мәселелерге тоқталды.

Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, заң ғылымының кандидаты Шолпан Маликова өз баяндамасында «Конституциялық кепілдіктердің және заңнамалық жаңғыртудың отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы рөлі» жөнінде қозғады.

Табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланудың конституциялық кепілдіктері NARXOZ университетінің Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, заң ғылымының докторы Анор Мукашева баяндамасында қарастырылып, қолданыстағы заңнамаға ғылыми талдау жасалып, ұсыныстар берілді.

Конференция жөнінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне қарасты Заңнама және құқықтық ақпарат институтының директоры, заң ғылымдарының докторы, профессор Индира Аубакирова іс-шараны ұйымдастырып отырған Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің жұмысына алғыс білдіріп:

«Конференция құрамы өте беделді болды. Баяндамалар өте қызықты өтті. Іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылды», – деді.

Сондай-ақ, Қырғыз ұлттық университеті Заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор Кынатбек Сманалиев:

«Конференцияға шақырғандарыңыз үшін зор алғысымды білдіремін. Іс-шара жоғары, лайықты деңгейде өтті. Университет маған ерекше ұнады. Профессорлық-оқытушылық құрамы өте білікті. Сіздерге бар жақсылықты тілеймін. Алдағы уақытта ынтымақтастығымыз жалғаса береді деп сенемін», – деп лебізін білдірді.

Конференция соңында іс-шараны ұйымдастырушы NARXOZ университеті Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің директоры, заң ғылымының докторы, профессор Талғат Сәрсенбаев әріптестеріне алғыс білдірді.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!

2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

Сондай-ақ, онлайн Qazpost.kz қосымшасы арқылы да жазылуға болады.

Қызмет тәулік бойы, 24/7 жұмыс істейді.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің келесі қаулыларына өзгерістер енгізілсін:

1) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 22 қаңтардағы №1/1-61;

қосымшадағы: реттік нөмірі 231 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

231.	Бишальский Никита Владимирович, Бишальский Дмитрий Борисович	20-321-061-029	Райымбек даңғылы, 443	жалпы-0,1026 үлесі-0,0625
------	--	----------------	-----------------------	---------------------------

2) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 17 наурыздағы №1/1-416;

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 89 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

89.	Костенко Игорь Петрович, Костенко Михаил Александрович	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 243 көлікжай
-----	--	----------------	--

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 218 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

218.	Тупелева Хапия Жаксыбековна	20-317-011-057	Закарпатская көшесі, 1/5, 547 көлікжай
------	-----------------------------	----------------	--

3) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 27 маусымдағы №2/262-884;

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 12 жол алынатын тасталсын:

4) «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» 2025 жылғы 15 тамыздағы №3/470-1139;

қосымшадағы:

реттік нөмірі 11 жолы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«

11.	Машнин Виктор Васильевич, Машнин Виталий Викторович, Машнин Александр Викторович	20-322-002-932	«Шұғыла» шағынауданы, Жуалы көшесі, 36 ғимарат	0,0475
-----	--	----------------	--	--------

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

МАМАН КЕҢЕСІ

АДАМНЫҢ ИММУН ТАПШЫЛЫҒЫ ВИРУСЫ

қандай жолдармен беріледі?

Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ) – адамның иммундық жүйесіне әсер ететін инфекция.

Берілу, даму механизмі: АИТВ ауру адамнан сау адамға қан, омырау сүті, ұрық сұйықтығы, қынап бөлінділері сияқты дене сұйықтықтары арқылы беріледі. АИТВ жұқтырған анадан балаға жүктілік немесе босану кезінде де берілуі мүмкін. Ал АИТВ қол алысу, сүйісу, құшақтау, бірге тамақтану арқылы берілметіні әлі толық дәлелдеуді қажет етеді. Инфекция қауіпті биосұйықтықтарды тікелей адамның қанына немесе теріге немесе шырышты қабаттарға енгізу арқылы беріледі.

АИТВ жасушалары енгеннен кейін денеде лейкоциттер мен лимфоциттердің күрт төмендеуі байқалады, бұл иммундық жүйені әлсіреуіне әкеледі. Әрі қарай, Т-4 жасушалары тез бұзылады және параллель Т-8 жасушалары көбейеді, олар денені қорғауға және сәйкесінше денені қорғау қасиетінің төмендеуіне жауап береді. Нәтижесінде антиденелер көп мөлшерде өндіріледі, соның салдарынан жұқтырған адамдар өздерінің аурулары туралы аурудың соңғы кезеңдерінде ғана біледі. Осы уақыт ішінде ағзадағы Т-4 жасушаларының саны 2 есе азаяды. АИТВ-инфекциясының соңғы және ең қорқынышты кезеңі жұқтырған имунтапшылығының синдромы

(ЖИТС) деп аталады, онда адам тіпті герпестен де өлуі мүмкін, өйткені имунитеттің өте төмен деңгейіне байланысты ағза аурулармен күресуге қабілетсіз болады.

АИТВ-инфекциясының үдемелі фонындағы аурулар: АИТВ-инфекциясы герпес, мерез, В және С гепатиті сияқты аурулардың ағымын қиындатады. Емделмеген жұқтырған адамдарда ауыр жұқпалы аурулар, қатерлі ісіктер, пневмония, туберкулез, Капоши саркомасы және жүйке жүйесінің бұзылуы сияқты аурулар пайда болуы мүмкін.

Алдын алу және емдеу: АИТВ-инфекциясының алдын алуға мыналар жатады:

- **тек жеке гигиена құралдарын қолдану;**
- **есірткіні қолданудан бас тарту;**
- **кездейсоқ жыныстық қатынастан бас тарту, контрацептивтерді қолдану, жыныстық серіктестер үшін АИТВ-инфекциясын анықтау үшін тұрақты тексерулерден өту;**
- **бір рет қолданылатын шприцтер мен ижелерді қолдану.**

Егер Сізде АИТВ-ның бары расталса, онда антиретровирустық терапияны қабылдау қажет. Оның көмегімен АИТВ жасушаларының санын бірнеше есе азайтып, қанды тексеру кезінде олар көрінбеуі де мүмкін, сонымен қатар басқа адамдарға да жұқтырмауы мүмкін. Осылайша антиретровирустық терапия АИТВ-инфекциясымен және оның таралуымен күресіп қана қоймай, жұқтырған адамдарға сау және толық өмір сыйлай алады.

Көкен МАЛИКЕ, Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алмалы ауданының «**Ten Qogam**» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А.

Телефон: +7 (727) 378-88-04.

Instagram: tenqogam.almaly.2025



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Нұржамал ӘЛІШ

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «**AIR ASTANA**» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЛА КЕЛБЕТІ

АЛМАТЫНЫҢ ТҮНІ ДЕ ЖАП-ЖАРЫҚ

Мегаполистегі жаңажылдық шыршалардың шамы бір мезетте жағылды

(Басы 1-бетте)

АЛАТАУ АУДАНЫ

«Алматы Арена» спорт кешенінің алдында жанған шырша шамына ең қатты қуанған балалар болды.

Іс-шараны ауданының әкімдігі ұйымдастырып, тұрғындарға алдағы 2026 жылдың қарсаңында көтеріңкі көңіл күй сыйлауды мақсат етті. Мереке мазмұнды бағдарлама-сымен есте қалды.

Аязды кешке қарамастан, думан түнге дейін жалғасты. Қонақтар үшін ойындар ұйымдастырылып, қатысушыларға сыйлықтар мен жаңажылдық кәдесыйлар таратылды. Осылайша мерекелік кеш балалар мен ересектерге ерекше әсер сыйлады.

АЛМАЛЫ АУДАНЫ

Абай атындағы Опера және балет театры алдындағы шыршаның жағылған сәті де аудан тұрғындары үшін нағыз мерекеге айналды. Театр алдындағы алаңға жылдағы дәстүрмен әртүрлі жастағы алматылықтар жиналды.

Оларға нағыз мерекелік көңіл күйді сүйікті ертегі кейіпкерлері сыйлады. Аяз ата мен Ақшақар да балалар тұрмақ, үлкендерді де баурап алып, түрлі ойынға қатыстырды.

Мерекелік атмосфераны өнерпаздар да асқақтатты. Шырша шамын жағу салтанатында Мұхтар Ханзада, «LIGHT Band» тобы, «Жігіттер» квартеті және басқа да орындаушылар өнер көрсетті.

Осылайша қарлы кеш жылулық пен шаттыққа толы болды.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Аудан орталығындағы Family Park саябағына жүздеген тұрғын жиналды. Балаларын ерте келген ата-аналар мен көңілді жастардың қарасы қалың болды.

Мерекелік бағдарлама концертпен басталды. Сахнаға Аяз ата мен Ақшақар шығып, балалардан құралған би ұжымдарының өнері көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Жүргізуші қонақтармен бірге ойындар ұйымдастырып, байқаулар өткізіп, кеш қонақтары арасында би сайысы ұйымдастырылды.

Шырша шамы да саябақты ерекше нұрға бөлеп тұрды. Жиналғандар бұл сәтті естелікке қалдыру үшін таспаға түсіріп, мерекелік көңіл күйді бірге бөлісті.

Саябақ аумағында тамақтану орындары да жұмыс істеп, қыстың суық кешіне жылулық сыйлады. Полиция қызметкерлері мен Төтенше жағдайлар департаментінің өкілдері де қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке жауапты болды.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Іргелі «Атакент» іскерлік ынтымақтастық орталығының сәнін кіргізген шырша да жағылды. Салтанатты іс-шараға тұрғындармен бірге, аудан әкімі аппаратының қызметкерлері, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, белсенділер мен еріктілер де қатысты. Мерекелік сәтті қызықтауға жиналған қауымды Аяз атадан бастап өзге де ертегі кейіпкерлері құттықтап, ізгі тілектерін білдіріп жатты.

Көктен жапалақтай жауған табиғи қардың өзімен де әдемі бола түскен жасыл шыршаның айналасы балалардың күміс күлкісіне, өнерпаздардың ән-жырына толды.

– Мен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші курсында оқимын. Жатақханада тұрамын. Мұндай сәтті алғаш көріп тұрмын. Шыршаның салтанатты түрде жағылуы да бір мереке екен ғой, көкейге жаңа арман, мақсат қонақтағандай әсердемін. Барша отандасымды келе жатқан Жаңа жылмен құттықтаймын және бақыт, табыс, жақсылық тілеймін, – дейді алматылық студент Қанат Ахметов.

Иә, айналары қалың аппақ қар жапқан, ал қар ұшқындарының арасынан жарқыраған шамдар мың құбылып кешке ерекше сиқыр беріп тұрғандай.



Жарқыраған шырша – тек мерекенің белгісі ғана емес, жаңа үміттің, жылылық пен бірліктің нышаны. «Атакент» аумағында серуендеген тұрғындар мен қонақтар бұл сәтті шырт еткізіп фотоға түсіріп алып жатты.

ЖЕТІСУ АУДАНЫ

Үрдіске айналған шырша жағу салтанаты биыл да жалғасын тауып, аудан тұрғындары әкімдік алдына орналасқан алып шырша маңына жиналды. Көркем көмкерілген шыршаның биіктігі алыстан менмұндалап, көз тартып тұр. Оны безендіру де оңайға түспеген сыңайлы. Хош деңіз, енді осынау алып шырша маңында кім жоқ дерсіз... Ертегі кейіпкерлерінің дені осында. Аудандағы оқушылардың шығармашылық үйлерінің өнерпаздары, өнерлі жастар да осы кештің куәсі. Енді бір сәт өнер мен спортта қол жеткізген табыстарын айшықтаған ауданның жас тұрғындары шыршаны айналып жүріп өтті.

Ортаға кештің жүргізушілері шығып, Жетісу ауданының жыл бойы қол жеткізген табысымен таныстырды. Жалпы, аудан аумағында атқарылған игі жұмыстар көңіл көншітерлік. Осынау табысы тасыған жылмен қоштасар сәтте ортаға шыға келген Аяз ата мен Ақшақар көптің көңілін көтеріп тастады. Жаңажылдық шырша мерекесіне әнімен шашу шаша келген Мәдина Сәдуақа-

сова, «Трио Камалия», Олег Татамиров кештің көркін кіргізді.

МЕДЕУ АУДАНЫ

Ауданның Жаңажылдық шыршасы 28 гвардияшы-панфиловшылар паркінде бой көтерді. Салтанатты іс-шараға аудан тұрғындары мен қала қонақтары куә болды. Көз жауын алған жаңажылдық шырша оның «сиқырына сенетін» кішкентай бүлдіршіндерге ерекше көңіл күй сыйлады.

Мерекелік бағдарлама аясында «Шабит» хоры, «Қазақ ұлы», «Батырлар» және «Ұмай» топтары жиналғандарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Сондай-ақ, К.Альмира, Т.Руфина, Н.Камила, М.Жания секілді жас таланттар мерекелік ән тарту етті.

НАУРЫЗБАЙ АУДАНЫ

Ауданның шырша жағылған салтанатында «Жарқыра, менің Алматым!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарлама «Шұғыла» ықшамауданында орналасқан «Амфитеатр» алаңында ұйымдастырылды.

Шамы жарқыраған биік шырша айнала-сында оқушылар мен жастар, немересін жетектеген зейнеткерлер, ата-аналар өте көп болды. Балаларға ертегі кейіпкерлерінің қойылымы ұнағаны анық.

Кеште Нұрғалым Аманбай, Нұржан Қал-

жан, Ермек Меденов, Мейір Қайрат, Жігер мен Жанат дуэті, Айжан Керімқұлова және өзге де өнерпаздар әннен шашу шашып, салтанатты сәтке жиналған қауымға мерекелік көңіл күй сыйлады.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Түрксіб ауданының басты Жаңажылдық шыршасының биіктігі – 10 метр. Шыршаны безендіру үшін бір километрге жуық жаңажылдық гирляндар, түрлі-түсті жарқын декоративтік элементтер, ірі және ұсақ шырша шарлары, ойыншықтар мен сыйлықтар пайдаланылды. Шыршадан бөлек, аумақта әртүрлі жаңажылдық шағын сәулеттік мүсін орнатылды, барлығы түнгі жарықтандыру элементтерімен безендірілген, – деді Түрксіб ауданы әкімінің орынбасары Ермек Әміров.

Салтанатты кеште эстрада жұлдыздары – Бақыт Шадаева мен Жанна Орынбасарова әннен шашу шашты. Алып шырша түбіне жиналған алматылықтарға жақсы тілегін арнады. RAYAN вокалдық ансамблінің өнері де үлкен-кішіні қуантты. Мерекелік бағдарлама жаңажылдық қойылыммен жалғасын тапты. Сахнаға ертегі әлемінің кейіпкерлері шығып, балалар маз-мейрам болды. Әсіресе, Аяз ата мен Ақшақардың ортаға шыға келген сәті кішкентай достарымызды риза етті.

Әзірлеген ТІЛШІЛЕР ТОБЫ.